Халықаралық сауда — мемлекеттер және ұлттық шаруашылықтар арасындағы тауар және қызметтердің айырбасы. Ол ерте заманда калыптасып, бірақ тек XX ғасырда ғана дүниежүзілік рынок формасына ие болды, өйткені оған негізінен өнеркәсібі дамыған елдер ғана қатысады.

Қазақстанның егемен ел ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымына және басқа да көптеген халықаралық ұйымдарға мүше болуы ел экономикасын халықаралық сауда қарым-қатынастарына интеграциялауға объективті жағдайлар жасады.

Объект мен әдістер

Қазақстан Республикасында халықаралық сауданың дамуы ежелден келе жатыр. Оны Жібек жолы бойындағы сауда жолдарының қызметінен көруге болады. Міне сол уақыттан бері Қазақстандағы халықаралық саудада болып жатқан өзгерістерді анық көруге болады, яғни ол кезде Қазақстан Республикасы аз ғана елдермен сауда қатынасына түскен болса, қазіргі кезде Қазақстан Республикасы 120 елмен халықаралық сауда қатынастарына түсуде. Халықаралық сауданы реттеп оның еркін дамуы жолындағы кедергілерді шешуге бағытталған саясаттар жүргізілуде. Олар протекционизм мен еркін сауда саясаттары болып табылады.

Қазақстанның сыртқы экономикалық байланыстар саласындағы орнын тұрақтандырып, рөлін мейлінше арттыру бағыттарында қолға алатын жұмыстар жеткілікті. Бұл жұмыстардың негізгілерінің ішінде аяқталған кешен құрып, экспорттағы шикізат

бағытын жеңу үшін сыртқы экономикалық байланыстар саласын республика экономикасын құрылымдық қайта құру бағдарламасына сәйкестендіре беру қажет. Бұл ретте дайын өнім өндіретін аяқталаған технологиялық кешендер құрып, өндіруі салаларды экстенсивті дамудан интенсивті дамуға көшіріп, дүниежүзілік деңгейдегі жаңа технологияларды пайдалануды мақсат тұту керек. Экспорт мүмкіндіктерін ұлғайта беру үшін интенсивті ауыл шаруашылығын, жеңіл және тамақ өнеркәсібін жан-жақты дамыту жөніндегі іс-шараларды батыл қолға алу міндеттері тұр.

Аталған салалар мен өндірістерді шұғыл дамыту мемлекеттің экспорттық потенциалын ұлғайтын қана қоймай, жұмыспен толық қамту мәселесіне де қолайлы жағдай жасайды. Егер республикадағы жұмысшы күшінің салыстырмалы арзандығы мен қолда бар шикізатты, мысалы өндірістік қалдықтарды жеңіл және тез іске асыруға болатындығын ескерсек олардың экономикалық тиімділік деңгейі жоғары екендігі түсінікті.

Қазақстанның халықаралық саудадағы рөлін күшейту үшін оған тән ерекшеліктерді байқап, бағдарлау қажет. Қазақстанның ерекшелігі оның дамыған, содай-ақ дамушы елдер қатарында бірдей болуы. Қазақстанды дамыған елдер қатарына қосатын факторларға халқының жаппай сауаттылығы, ғылыми-зерттеу мекемелерінің кең жүйесі, ғарыншық зерттеулерге қатысу мүмкіндіктері жатады [1].

Зерттеу нәтижелері

Экономикасының шикізаттық бағыты, шетел инвестициялары мен жаңа технологияларға деген қажеттілік, инфрақұрылымның төмен дәрежесі Республиканың дамушы ел екендігінің дәлелдері.

2019 жылдың қаңтар-ақпан айлары бойынша сыртқы сауда айналымы 7,5%-ға өсті, оның ішінде экспорт 11,1%-ға, импорт 0,3%-ға ұлғайды. Экспорттың құрылымында бұрынғыдай барынша көп 70% - дан астам үлесі минералды өнімдерге тиесілі, олардың экспорты 15,9%-ға өсті (өткен аймен салыстырғанда өсу баяулады, қаңтардағы өсу 45%-ды құрады). Бұл баяулау елімізде шикі мұнайды өндірудің баяулауына байланысты болды (2019 жылдың қаңтар айымен салыстырғанда мұнай өндірісі 9%-ға азайды).


Экспорт құрылымында жануарлар мен өсімдік өнімдері (14,2%-ға), химия өнеркәсібінің өнімдері (13,5%-ға), ағаш және орман өнімдері (26,0%-ға), құрылыс материалдары (4,5%-ға), машина және жабдықтар (48,7%-ға) және өзге де тауарлар топтары (94,9%-ға) айтарлықтай өсті. Сонымен қатар өзге тауарлар тобы бойынша экспорттың төмендеуі байқалды (Суретті 1 қараңыз).



Сурет 1 – ҚР экспорт көрсеткіштері, 2019 жыл

ЕО елдері (үлесі 46,7%), Қытай (үлесі 13,7%), ТМД елдері (үлесі 14,2%) экспорттың негізгі бағыты болып табылады, олардың ішінде кеден одағы елдерінің үлесі 7,7%. Жоғары тұтынушылық белсенділік аясында импорт құрылымында жеңіл өнеркәсіптің негізгі тауар топтары бойынша өсу байқалды, соның ішінде аяқ киім, бас киімдер, галантереялық

бұйымдар (43,7%), текстиль бұйымдары (22,1%), терілер (14,2%) импорты ұлғайды. Сонымен қатар ағаш және ағаштан жасалған өнімдер (өсу 56,9%), химия өнеркәсібінің өнімі (өсу 9,4%) машина, жабдық құралдар мен құрылғылар (өсу 2,0 %) импорты ұлғайды (Сурет 2 қараңыз) [2].



Сурет 2 – ҚР импорт көрсеткіштері, 2019 жыл

ҚР ҰЭМ-нің өзекті деректеріне сәйкес, ағымдағы жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша елдің сыртқы сауда айналымы 20,4 млрд долларды құрады, бұл 2018 жылдың қаңтар-наурызымен салыстырғанда 3,7% - ға төмен. Атап айтқанда, тауарлар экспорты 13,3 млрд долларды (-4,3%), импорт -7,0 млрд долларды (-2,7%) құрады.

Халықаралық саудада жедел дамып келе жатқан саланың бірі – химиялық өнімдеу саудасы. Энергоресурстар мен шикізатқа сұраныстың көбейгенімен, шикізат саудасының қарқынды дүниежүзілік сауда қарқынынан едәуір төмен. Мұның себебі: біріншіден, шикізатты алмастыратын жасанды өнімдерді өндіруді ұлғайтуды; екіншіден, шикізаттың өзін ұтымды пайдалану арқылы қалдықсыз, терең өңдеу процесін қолдану.

Қазақстандық экспорттың негізгі тауар номенклатурасының ішінде абсолюттік мәнде негізгі төмендеу мұнайға тиесілі. Наурыз айында ОПЕК+ мәмілесі аясында келісілген 40 мың баррель орнына тәулігіне 60 мың баррельге мұнай өндіруді төмендеткен болатын, ол ірі кен орындарында жөндеу жұмыстарының арқасында қол жеткізілді. Ірі мұнай-газ жобаларында жөндеу жұмыстары 2018 жылы 90,4 млн тоннаны (-1,5%) салыстырғанда ағымдағы жылы мұнай өндіруді 89,0 млн тоннаға дейін төмендетуге әкеледі деп болжануда. Жоғарыда айтылғандардың негізінде қазақстандық экспорт құрылымындағы мұнай үлесі 59,3% - дан 55,9% - ға дейін төмендеді, бұл ішінара газ экспортынан (5,1% - ға дейін), бейорганикалық химия өнімдерінен (3,1%), сондай-ақ басқа да кейбір тауарлар түсімдерінің ұлғаюымен өтелді.

Өз кезегінде, тауарлар импортында негізгі төмендеу мұнай мен мұнай өнімдеріне, сондай-ақ табиғи газға тиесілі. Наурыздан бастап елдің Энергетика министрлігі Ресейден бензин әкелуге тыйым салды. Шара үш ай бойы әрекет ететін болады және нарықты жоққа шығаруға жол бермеуге тиіс. Сонымен қатар абсолюттік мәнде жеңіл автомобильдер мен дәрі-дәрмектер импорты бойынша едәуір өсім байқалады. Сонымен қатар, ҚРҰБ болжамдары бойынша тұтынушылық және инвестициялық сұранысты кеңейту ағымдағы жылы импорттың өсуінің басты драйвері болады.

Осылайша, тауарлар экспортының импорттан (-4,3%) неғұрлым жедел баяулауы (-2,7%) дәстүрлі профицит болып табылатын елдің сауда балансына теріс әсер етуі мүмкін. ҚРҰБ алдын ала бағалауы бойынша, сауда балансының профициті 7,1 млрд долларды құрап, ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 6,2 млрд долларды құрады. Бұл ретте төлем балансының ағымдағы шоты қатарынан профицитті екінші тоқсан болып қалыптасты және 834,8 млн долларды құрады [3].

Тұжырымдар

Қазақстан Республикасы Кеңес елдерінің құрамынан егемендігін алып өз бетінше тәуелсіз ел болғалы бері көптеген артықшылықтарға ие бола отырып өзінің алға ұмтылысы арқасында халықаралық экономикалық қатынастарға түсе отырып соның ішінде халықаралық сауданы дамытуға үлкен көңіл бөлді.

Халықаралық саудада көптеген жетістіктерге жете отырып Қазақстан өзінің экономикасын дамыған елдер экономикасы деңгейіне жеткізуіне болады. Ол әрине онай жұмыс емес. Ол үшін ең алдымен елде дайын өнім өндіруге көп жұмыстар жасау керек.

Сыртқы сауда саясатының ішінде алдыңғы қатарда Дүниежүзілік Сауда ұйымы кіреді. Ол тауар және қызмет көрсетулердің халықаралық саудасын реттеуде, меншік құқығын қорғау, халықаралық сауда дауларын шешуде, әлемдік сауда саясатын қалыптастыруда маңызды рөлге ие. ДСҰ-ға мүше болудың тағы бір артықшылықтарын айтатын болсақ, ДСҰ-ға мүше елдер халықтарының әл-ауқатын, өмір деңгейін жоғарылатуына, тауарлар және қызметтермен толық қамтылуына қол жеткізуіне, сонымен қатар нақты кірістердің жоғарылауы және үнемі өсуіне ықпал етуіне мүмкіндік алады. Қазақстан Үкіметі ДСҰ-ға кіру - елдің сыртқы экономикалық саясатындағы басымды бағыттардың бірі деп біледі. Жеке елдермен қатынасты жақсартуға Дүниежүзілік сауда ұйымы бірден бір себепші болады [4].

Қазіргі кезде бүкіл өркениетті мемлекеттер басқа елдермен екіжақты және көпжақты экономикалық, сауда, кеден ісі саласындағы ынтымақтастықты қарқынды түрде дамыта бастады. Оның бірден-бір себебі, бірқатар жаһандық проблемаларды бірлескен күштермен шешудің қажеттілігі, әлемдегі табиғи ресурстарды және инфрақұрылымның бірлескен нысандарын тиімді пайдаланудың қажеттілігі болып табылады. Бұл қажеттілік мемлекеттер, кәсіпорындар және заңды тұлғалар деңгейінде де әлемдік интеграцияның барлық нысандарын жүзеге асырумен өрнектеледі. Әлемдік қауымдастықтың материалдық және рухани сұраныстарының мейлінше толық қанағаттандырылуына барынша ықпал ету осындай бірлестіруші күштердің нәтижесі болып табылады. Жаңа ғасыр әлемнің барлық мемлекеттерін халықаралық ынтымақтастық арқылы экономикалық өсуді жан-жақты тиімді қамтамасыз ететін және халықтың әл-ауқатын жақсартатын ауқымды әлемдік нарық құруға жетелейді. Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі айтулы тарихи оқиға болып табылады [5].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Тажикова, Ж. Ж. Қазақстан Республикасының халықаралық экономикалық жағдайы / Ж. Ж. Тажикова, К. С. Сражден. — Текст : // Молодой ученый. — 2015. — № 1.1 (81.1). - 59-62 бет.

2 ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің материалдары// ҚР Ұлттық экономика министрлігі, 2019 жыл.

3 Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Зерттеулер және статистика департамент // Экономикаға қысқаша шолу, 2019 жыл.

4 Қуандықов Қ., Егемен Қазақстан // Халықаралық сауда-саттық жасау мүмкіндігі, 12 Тамыз, 2015 жыл.

5 Ә. Бөген // Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруге Қазақстан мүдделі ме? / Газет:Әділет.-2012ж.- 10 қазан(№38).-4 бет.



Промышленность Костанайской области

Аңдатпа. Экономикалық өсудің негізі экономика салаларының, оның ішінде өнеркәсіптің дамуына байланысты. Мақалада Қостанай облысындағы өнеркәсіп көрсеткіштері, қазіргі жағдайы мен даму келешегі талқыланады.

Аннотация. Основу экономического роста зависит от развития отраслей экономики, в том числе и от промышленности. В статье рассмотрены показатели промышленности по Костанайской области, современное состояние и перспективы развития.

Abstract. The basis of economic growth depends on the development of sectors of the economy, including industry. The article discusses industry indicators in the Kostanay region, the current state and development prospects.

Кілтті сөздер: экономика, өндіріс, салалар, экономикалық даму, экономикалық өсу, Қостанай.

Ключевые слова: экономика, промышленность, отрасли, экономическое развитие, экономический рост, Костанай.

Keywords: economy, industry, industries, economic development, economic growth, Kostanay

Введение

На сегодняшний день Костанайская область имеет индустриально аграрную направленность развития, вследствие того, что имеет все необходимые географические условия для развития сельскохозяйственной отрасли. В структуре валового регионального продукта 29,9% приходится на промышленность, 22,5% на сельское хозяйство.

В области имеются богатые месторождения железных руд, бокситов, бурого угля, асбеста и т.д., что позволяет производить 100% республиканского объёма железорудных окатышей, асбеста и бокситов, более 80% железной руды, 14%- муки из зерновых и растительной смеси. В области более 80 крупных и средних предприятий промышленности.

Объект и методология

В структуре производства области преобладает горнодобывающая промышленность, на 2006 г. её доля составляет 62,4%, обрабатывающая промышленность составила 27,4%, производство и распределение электроэнергии, газа и воды 10,2% [1].

Обрабатывающую промышленность области представляют предприятия пищевой, текстильной, кожевенной, обувной промышленности и машиностроительная, где значительный удельный вес (более 73%) составляет пищевая промышленность, незначительное машиностроение и легкая промышленность [2]. В промышленности занято свыше 47 тыс. человек или 26% от общей численности занятых.

Результаты исследования

В Костанайской области успешно развиваются промышленность, сельское хозяйство, туризм, малое и среднее предпринимательство. С начала года достигнуты положительные результаты по всем этим направлениям. Об этом говорят результаты социально-экономического развития области за 9 месяцев 2019 года.

В области производством промышленной продукции занимаются более 700 предприятий (*в т. ч. по г. Костанай более 400 предприятий*), на которых работает порядка 41 тыс. человек (*в т. ч. по г. Костанай более 11 тыс. человек*). По итогам 2019 г. промышленными предприятиями области произведено продукции в действующих ценах на 1196,3 млрд. тенге, что на 35,4% выше прошлого года (*2018 г. – 883,4 млрд. тенге*). Индекс физического объема (*далее - ИФО*) – 115,3% [3].

В структуре промышленности доля объемов производства г. Костанай составляет 37,7% (*2019 г. область – 1196,3 млрд. тенге, г. Костанай – 450,6 млрд. тенге*). ИФО объемов производства промышленности г. Костанай – 139%.

В структуре промышленности области наибольшая доля приходится на обрабатывающую отрасль – 52,5%; горнодобывающая отрасль составляет 42,5%; электроснабжение – 4%; водоснабжение – 1%.

Предприятиями горнодобывающей отрасли за январь-декабрь 2019 г. произведено промышленной продукции на 508,4 млрд. тенге, что на 38,9% больше 2018 г. (2018 г. – 366,1 млрд. тенге). ИФО – 106,4%.

Увеличена добыча: концентрата железорудного - на 4,1% (АО «ССГПО», ЛФ ТОО «Оркен»); асбеста – на 4% (АО «Костанайские минералы»), руды золотосодержащей - на 13,8%, руды медной – на 32,1% (АО «Варваринское»); окатышей железорудных - на 18% (АО «ССГПО»).

Предприятиями обрабатывающей отрасли произведено продукции на 628,3 млрд. тенге, что на 36,9% больше, чем в 2018 г. (2018 г. – 459 млрд. тенге). ИФО отрасли – 125,9%.

Увеличено производство: автомобилей легковых в 2 раза; автомобилей грузовых в 8,1 раза; автомобили для перевозки десяти и более человек в 5,3 раз (ТОО «СарыаркаАвтоПром»); комбайнов – на 47,9% (АО «Агромашхолдинг КЗ»); тракторов в 7,7 раз (АО «Агромашхолдинг КЗ», ТОО «Композит групп»); золото необработанное и полуобработанное или в виде порошка - на 10,5% (АО «Варваринское»); прутков и стержней горячекатаных – на 65% (ТОО «ЕвразКаспиан Сталь»); мясо и пищевых субпродуктов – на 11,9%; напитков безалкогольных – на 18,4%; пива – на 1,4%; колбасных изделий – на 2,2%.

Рост объемов производства обрабатывающей промышленности связан в первую очередь с увеличением производства в машиностроении в 2,0 раза, металлургии - на 27,2%, напитков - на 4,7%, легкой промышленности - на 18,4%.

Хотелось бы отметить, что в области хорошими темпами продолжает развиваться автомобилестроение. На эту отрасль сегодня приходится практически четверть объемов производства обрабатывающего сектора области.

ТОО «СарыаркаАвтоПром» освоено производство более 50 моделей автомобилей 10 брендов (JAC, Hyundai, Ravon, Chevrolet Niva, Peugeot, Iveco, MAN, Ankai, Yutong, VA3), выпуск которых осуществляется как мелким, так и крупноузловым методом сборки. За весь период произведено более 70 тыс. автомобилей.

Анализ реализации государственных и правительственных программ:

В конце 2018 года запущена Программа льготного кредитования отраслей «экономики простых вещей».

На эти цели в течение 3-х лет предусмотрено 600 млрд. тенге по следующим направлениям:

- до 100 млрд. тенге на переработку в агропромышленном комплексе;
- до 100 млрд. тенге на производство в агропромышленном комплексе;
- до 400 млрд. тенге на обрабатывающую промышленность и услуги.

На сегодняшний день с учетом динамики проектов, находящихся в работе Проектного офиса, заявлено 92 проекта на сумму 34,8 млрд. тенге, из которых:

- 28 проектов одобрено на 9 млрд. тенге, из них: 21 проект через БВУ – 7 млрд. тенге и 7 проектов через АКК на сумму 2 млрд. тенге;

- 4 проекта находятся на рассмотрении в БВУ и АКК на сумму 969,5 млрд. тенге, из них: 2 проекта в БВУ – 803,5 млн. тенге и в АКК - 2 проекта на сумму 166,0 млн. тенге. В настоящее время ведется детальная проработка мероприятий для включения в проект Дорожной карты по обеспечению занятости и трудоустройству высвобождаемых работников филиала АО «Алюминий Казахстана» ТБРУ на 2020 – 2022 годы.

Перспективы развития на 2020 год в сфере промышленности:

В 2020 году ИФО промышленности области прогнозируется на уровне 105-106% (в т. ч. по г. Костанай 102-103%).

В соответствии с представленными планами крупных и средних предприятий области на 2020 год следует, что на ряде предприятий горнодобывающей и обрабатывающей отраслей прогнозируется рост производства выпускаемой продукции, в том числе:

- концентрата железорудного - на 14% (АО «ССГПО»);
- молочной продукции – на 6% (ТОО «Милх», ТОО «Ден», ТОО «Лидер-2010»);
- масло подсолнечного – на 2% (ТОО «K-Oil»);
- сборка автомобилей всего – на 20% (ТОО «СарыаркаАвтоПром»);
- комбайнов – на 9,9% (АО «Агромашхолдинг KZ»).

Кроме того, в мае 2019 года завершена сделка по вхождению китайских компаний СМС и JAC в капитал Группы компаний Аллюр.

В ближайшие 10 лет партнером планируется инвестировать в совместное предприятие 1,1 млрд. долл. США, в результате чего, ожидается значительный рост объемов производства машиностроения.

В целях обеспечения привлечение инвестиций в основной капитал на уровне не менее 30% к ВВП к 2025 году (поручение Елбасы в ходе расширенного заседания Правительства Республики Казахстан 30 января 2019 года) акиматом Костанайской области согласован с Министерством национальной экономики меморандум по привлечению инвестиций в основной капитал до 2025 года.

Для Костанайской области поставлена задача привлечь к 2025 году 3 трлн. тенге в основной капитал области (2020 год – 328 млрд. тенге, 2021 год – 425 млрд. тенге, 2022 год – 615 млрд. тенге, 2023 год – 740 млрд. тенге, 2024 год – 898 млрд. тенге).

Анализ реализации государственных и правительственных программ

За время реализации Программы индустриализации (ГПФИИР и ГПИИР) в области введено в эксплуатацию 92 проекта на сумму 157 млрд. тенге, создано порядка 8,7 тыс. новых рабочих мест (77 проектов в период первой пятилетки, 15 – во второй).

В 2019 году в Костанайской области запущено 4 промышленных инвестиционных проекта на общую сумму 11,2 млрд. тенге (перечень прилагается), из которых 2 проекта реализованы в рамках Карты поддержки предпринимательства.

На данный момент начата работа по формированию проектов на третью пятилетку Программы индустриализации.

В настоящее время в области активно прорабатываются 37 инвестиционных проектов на 1,5 трлн. тенге, с созданием порядка 7 тыс. рабочих мест (перечень прилагается), по мере проработки проектов, большая часть из них будет включена в Карту поддержки предпринимательства.

Наиболее значимые из перечня, инвестиционные проекты:

1. В горнорудной отрасли, АО «ССГПО» реализуется проект, стоимостью 1,2 млрд. долл. США по созданию «Умной фабрики» пятого поколения на Качарском карьере, благодаря которой, будут увеличены производительность оборудования в 4 раза и объемы готовой продукции в 2 раза (концентрат и окатыши, с 12 до 23 млн. тонн).

2. На территории Индустриальной зоны г. Костанай, планируется строительство заводов по производству редукторов главных передач ведущих мостов спецтехники КАМАЗ (стоимость проекта – 64,7 млрд. тенге, с созданием 1 тыс. рабочих мест) и чугунолитейное производство (стоимость проекта – 38,5 млрд. тенге, с созданием 500 рабочих мест).

Проекты реализуются в рамках промышленной кооперации с компанией «КамАЗ», намеченные планы закреплены соответствующим соглашением о намерениях реализации данных проектов между Правительством Казахстана, акиматом Костанайской области и руководством компании (дата подписания – 15 июля 2019 года). Также, вне Индустриальной зоны г. Костанай прорабатывается проект по производству надстроек для коммунальной техники (мусоровозы, пожарная техника, автобетоновозы, автоцистерны).

Предварительная стоимость проекта – 3,9 млрд. тенге). В целях обеспечения кадровыми ресурсами, планируется создание Инжинирингового центра, который способен обучать работников не только для предприятий региона, но остальных машиностроительных предприятий Казахстана.

В 2020 году планируется ввод в эксплуатацию 7 инвестиционных проектов на сумму 37,6 млрд. тенге (текущий статус отражен в вышеуказанном перечне 37 проектов).

В целях улучшения инвестиционного климата, на территории административно-бытового комплекса Индустриальной зоны г. Костанай ведется работа по созданию Фронт-офиса по сопровождению инвесторов по принципу «одного окна».

На одной площадке планируется разместить ряд государственных учреждений, областных институтов развития бизнеса и сопровождения инвесторов, а также в режиме скользящего графика представителей миграционной полиции и предприятий-монополистов.

Также, на данной площадке прорабатывается размещение Управляющей компании Индустриальной зоны (УКИЗ).

На сегодняшний день ведутся соответствующие расчеты по статьям расходов.

Во исполнение данного поручения распоряжением акима области от 5 августа 2019 года в области образован проектный офис с включением в состав акимов городов и районов, заинтересованных государственных органов, а также региональной Палаты предпринимателей «Атамекен» (далее – РПП «Атамекен»).

В целом в рамках скрининга опрошено 168,3 тыс. домохозяйств 53,2 тыс. субъектов МСБ.

Так, на реализацию Государственной программы поддержки и развития бизнеса «Дорожная карта бизнеса 2020» в 2019 году было выделено 2 723,8 млн. тенге (в 2018 году – 6 058,6 млн. тенге).

Все средства освоены в полном объеме. Поддержано 305 (в 2018 году – 206) бизнес-проектов, что на 101 проект больше, чем в 2018 году, в том числе в г. Костанай – 93 проекта (в 2018 году – 57).

За весь период реализации «Дорожной карты бизнеса-2020» создано 4 757 новых рабочих мест (в 2018 году – 158) а также поддержаны проекты бизнеса, в котором осуществляют деятельность порядка 25,7 тыс. рабочих мест.

Кроме того, участниками программы выплачено 58,6 млрд. тенге налоговых отчислений (в 2018 году – 14,3 млрд. тенге), при этом на 1 тенге выплаченных субсидий приходится 6 тенге налогов.

На микрокредитование в рамках второго направления Государственной программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы «Еңбек» в целом было предусмотрено 4 084 млн. тенге (в 2018 году – 4 081,6 млн. тенге), в т.ч.:

- 3 033,6 млн. тенге в сельской местности (в 2018 году – 3 083,6);

- 1 051,4 млн. тенге в городской местности (в 2018 году – 998).

По итогам 2019 года в целом в рамках Программы «Еңбек» поддержано 925 проектов (в 2018 году – 944), в том числе:

- 783 в сельской местности (в 2018 году – 848);

- 142 в городской местности (в 2018 году – 96), из них в г. Костанай – 84 проекта (в 2018 году – 68).

По проекту «Бастау Бизнес» обучено 4 040 человек (в 2018 году – 2 311), из них в г. Костанай – 390 человек (в 2018 году – 259).

В рамках программы «Еңбек» в 2019 году создано 938 новых рабочих мест.

Перспективы развития на 2020 год

На реализацию Программы «Дорожная карта бизнеса-2025» в текущем году выделено 3 499,3 млн. тенге, в том числе:

- на субсидирование ставки вознаграждения – 2 556,1 млн. тенге;

- на гарантирование кредитов – 132,6 млн. тенге;

- на грантовое финансирование – 60 млн. тенге;

- на подведение недостающей инфраструктуры – 750,6 млн. тенге.

В целом по Программе в текущем году планируется охватить не менее 189 бизнес-проектов (субсидирование – 140 проектов, гарантирование – 33 проекта, грантовое финансирование – 12 проектов, подведение ИКИ – 4 проекта). На реализацию Программы «Еңбек» с учетом переходящих средств 2019 года предусмотрено 2 640,1 млн. тенге, в том числе:

- на микрокредитование – 2 555,8 млн. тенге);

- на гарантирование кредитов - 84,3 млн. тенге (в городах - 37 млн. тенге, на селе - 47,3 млн. тенге).

Предварительно в сельских населенных пунктах планируется выдать не менее 526 микрокредитов, в городах - не менее 58 микрокредитов.

Заключение

В целом в текущем году будет усилена работа по улучшению качественного состава микрокредитов с упором на производство различных видов продукции.

Кроме того, учитывая, что с текущего года вступили в силу обновленные условия получения микрокредитов членами малообеспеченных и/или многодетных семей (срок кредита - до 7 лет, сумма кредита - до 8000 МРП (21,2 млн. тенге), ставка вознаграждения - не более 4% годовых), также будет усилена работа по охвату указанных категорий населения мерами поддержки в рамках Программы.

Благодаря реализации указанных программ доля МСБ в валовом региональном продукте будет обеспечена на уровне не ниже 28,1%.

Список литературных источников:

1 Мейрхан М. Структурная диверсификация приоритетных секторов экономики Республики Казахстан в целях повышения их конкурентоспособности. [электронный ресурс] <http://groupglobal.org/ru/session/>.

2 Джунусова Д. Индустриализация Казахстана: проблемы и перспективы. [электронный ресурс] <http://group-global.org/ru/node/>

3 Обзор: итоги развития Костанайской области за 2019 год Источник, интернет-ресурс: Премьер-Министра РК



МРНТИ 06.52.35

М.Е.Баржақсы¹, Р.А. Абилкайрова¹

**¹М. Дулатов атындағы Қостанай инженерлі-экономикалық университеті
110000, Қостанай, Қазақстан**

Экономикалық болжаудың теоретикалық аспектілері, мәселелері және оларды Қазақстан республикасында жүзеге асырудың әдістері

Түйіндеме. Экономикалық болжаудың теоретикалық аспектілері, мәселелері және оларды Қазақстан Республикасында жүзеге асырудың әдістерін қарастыру.

Аннотация. Теоретические аспекты, проблемы экономического прогнозирования и методы их реализации в Республике Казахстан.

Annotation. Theoretical aspects, problems of economic forecasting and methods of their implementation in the Republic of Kazakhstan.

Түйін сөздер: Жоспарлау мен болжау, гипотеза, экономикалық болжам, нарықтың өсу факторлары, экономикалық сегмент, экономикалық сектор, ақша, несие, бюджет, еңбек нарығы, іскерлік белсенділік, халықаралық резерв, инфляция, оптимистік сценарий, капитал.

Ключевые слова: Планирование и прогнозирование, гипотеза, экономический прогноз, факторы роста рынка, экономический сегмент, экономический сектор, деньги, кредит, бюджет, рынок труда, деловая активность, международный резерв, инфляция, оптимистический сценарий, капитал.

Key words: Planning and forecasting, hypothesis, economic forecast, market growth factors, economic segment, economic sector, money, credit, budget, labor market, business activity, international reserve, inflation, optimistic scenario, capital.

Кіріспе

Жоспарлау мен болжау – қоғамдық өндірістің дамуы мен оның нәтижелерін ғылыми тұрғыдан көре білу жолы. Ол халық шаруашылығы салаларының өзара байланыстарына, бір – біріне объективті тәуелділігіне, ғылыми – техникалық және әлеуметтік тенденциялардың заңдылықтарына негізделеді. Зерттелетін процестерге әсерінің нақтылығына және өзгешеліктеріне қарай болжаудың үш түрі айқындалады: ғылыми болжам (гипотеза), болжау, жоспар.

Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру атты жолдауында тұңғыш президент «Нақты экономиканы өркендету үшін қаржы секторының рөлін күшейтіп, ұзақ мерзімді макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету қажет. Бағаның өсуі, қаржыландыруға қолжетімділік, банктердің орнықтылығы – міне, осы мәселелер көбіне қазір жұрттың қызығушылығын тудырып отыр. Ұлттық банк Үкіметпен бірлесіп, қаржы секторын және нақты секторларды сауықтыру, инфляцияға қарсы кешенді саясат жүргізу мәселелерін жүйелі түрде шешуді бастауы керек. Қалыптасқан жағдайда экономиканы, әсіресе, өңдеу секторы мен шағын және орта бизнесті несиелендіруді ұлғайту өте маңызды. Сондай-ақ, зейнетақы активтері мен әлеуметтік сақтандыру жүйесінің ресурстарын басқару тиімділігін арттырып, баламалы қаржы құралдарын – құнды қағаз нарығы, сақтандыру және басқа да салаларды нақты дамыту керек» деп атап көрсеткен болатын [1].

Экономикалық болжам – экономиканың келешек кезеңдердегі даму үрдістерін – экономикалық даму қарқынын, экономика құрылымы мен бағаның нарықтық жағдаятын, экономикалық басқару жүйесінің, т.б. өзгеруі үрдістерін алдын ала болжап, көре білу. Экономикалық болжам экономикалық жоспарлаудың белгілі бір уақыт кезеңі бойына жалпы ішкі тепе-теңдік шарттарын алдын ала болжап, көре білуге мүмкіндік беретін негізгі құралдарының бірі болып табылады. Экономикалық болжамның көмегімен бағыттарды айқындап, экономикалық саясаттың нақты шешімдерін дайындауға, сондай-ақ олардың ықтимал нәтижелерін бағалауға болады.

Болжау - нарықтық стратегияны әзірлеудің, мақсатты бағдарламаларды негіздеудің, шаруашылық шешімдер қабылдаудың негізгі элементі. Нарықтық экономикада болжау негізгі үш атқарымды орындайды, Олар: болашақта шаруашылықты жүргізу нысандарының және қоршаған ортаның өзгеруі үрдістерін болжай білу, қабылданатын шаруашылық шешімдердің (тауарлар шығару мен қызметтер көрсету, бағалы қағаздар шығару, инвестициялық жобаларды қаржыландыру, баға белгілеу, т.б.) ықтимал салдарларын бағалау; қабылданған шешімді, қажет болса, дер кезінде түзету үшін оны орындау нәтижелерін күнделікті болжап отыру.

Объект және әдістеме

Экономиканың нақты секторында тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібінің синхронды өсуі байқалады. Жалпы, өнеркәсіп өндірісінің көлемі 4,1 %-ға өсті. Өнеркәсіптің өсуіне темір кенін, табиғи газ бен мұнайды өндірудің артуы, машина жасау өндірісінің, мұнай өңдеу өнімдерінің және химия өнеркәсібінің өсуі айтарлықтай әсер етті. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде және карьерлерді қазуда өндіріс 4,6 %-ға, өңдеу өнеркәсібінде 4,0 %-ға өсті. Өндіруші салалардың қарқынды өсуіне қарамастан, ЖІӨ-нің өсу көздері экономиканың шикізаттық емес сегментінде шоғырланған.

Тауар нарықтарындағы құбылмалылықтың өсуіне қарамастан сыртқы сауда айналымы тұрақты өсу трендін сақтап отыр. Қазақстанның сыртқы сауда айналымы 93,5 млрд. АҚШ долларын құрады және 2017 жылмен салыстырғанда 19,7 %-ға ұлғайды, оның ішінде экспорт – 61,0 млрд. АҚШ долларына (өсу 25,7 %-ға), импорт – 32,5 млрд. АҚШ долларына (өсу 9,9 %-ға) ұлғайды [2].

Іскерлік белсенділік аясында экономиканы кредиттеудің бірте-бірте өсуі байқалады. 2018 жылы берілген кредиттер көлемі 3 %-ға 13091,8 млрд. теңгеге дейін өсті.

2018 жылы инфляция деңгейі 5,0 – 7,0 % мақсатты дәліз шегінде сақталды және 5,3 %-ды құрады.

Өндірістік белсенділік еңбек нарығының көрсеткіштеріне оң әсер етті. 2018 жылы

жұмыссыздық деңгейі 4,8 %-ды құрады.

2018 жылы орташа айлық номиналды жалақы 162,3 мың теңгеге дейін өсіп және номиналды мәнде 8,4 %-ға, нақты мәнде – 2,3 %-ға ұлғайды. Нақты ақшалай табыс 5,3 %-ға өсті.

2019 жылы экономикалық белсенділік ілгерілемелі трендін көрсетуде. 1-тоқсанның қорытындысы бойынша экономиканың өсуі 3,8 %-ды құрады.

Жыл басынан өнеркәсіптік өндіріс кен өндіру өнеркәсібінде 4,8 % өсу есебінен 3,2 % деңгейінде оң динамиканы көрсетіп отыр.

Негізгі капиталға инвестициялар 2018 жылғы ұқсас кезеңімен салыстырғанда 7,0 %-ға өсті.

Сыртқы сауда айналымы 2019 жылғы қаңтар-ақпанда 7,5 %-ға 14,3 млрд. АҚШ долларына дейін ұлғайып оң динамиканы көрсетуде, оның ішінде экспорт 11,1 %-ға 9,9 млрд. АҚШ долларына дейін, импорт – 0,3 %-ға 4,5 млрд. АҚШ долларына дейін өсті.

Инфляция төмен қарқынды сақтауда. Жылдық мәндегі инфляция деңгейі 4,8 % құрады, бұл белгіленген дәліз (4,0 – 6,0 %) шегінде орналасқан.


Еңбек нарығындығы жағдай тұрақты болып қалуда. 2019 жылғы ақпанда жұмыссыздық деңгейі 4,8 % деңгейінде сақталды. Бағалау бойынша 2019 жылғы қаңтар-ақпанда орташа айлық жалақы 11,5 %-ға өсіп, 166,9 мың теңгені құрады.

Жалақының өсуі мен инфляциялық процестердің баяулауы аясында қаңтар айында нақты ақшалай табыс 10,5 %-ға өсті.

Зерттеу нәтижелері

ХВҚ сәуірдік болжамына сәйкес қаржы нарықтарындағы көңіл-күйдің нашарлауы және әлемдік саудадағы елдердің саясатына қатысты белгісіздіктің өсуі аясында, сондай-ақ өткен жылдың екінші жартысында өсудің неғұрлым төмен қарқынын ескере отырып, әлемдік экономиканың өсуі 2019 жылы 3,3 %-ға дейін баяулап, 2020 жылы 3,6 %-ға дейін жылдамдайды [3].

Әлемдік экономиканың баяулауы негізінен өнеркәсіптік өндірістің серпініне әсер ететін инвестициялық ағындардың әлсіреуі мен өнімділіктің өсуі салдарынан дамыған елдердегі өсу серпінінің төмендеуіне байланысты болады.




Сурет 4 – Әлемдік экономиканың өсу жөніндегі болжамдары

Сонымен қатар, шетелдік капитал ағынының қайта бастауы және құрылымдық реформалардың іске асырылуына байланысты дамушы елдердің экономикалық әлеуеті мен әлемдік экономиканың дамуына қосатын үлесі арта отырып отырып, өсу қарқынын өсетін болады.

Дамыған елдердегі экономикалық өсудің ықтимал бәсеңдеуіне қарамастан, дамушы елдердегі жиынтық өсімнің әлеуетті жоғарылауы және биржалық тауарлардың сақталып

отырған қалыпты бағалары 2019 – 2020 жылдары жаһандық экономиканың өсу қарқынын қолдайтын болады [4].

Аталған кезеңде нарығы қалыптасып келе жатқан елдерде және дамушы елдерде өсім тиісінше 4,4% және 4,8% деңгейінде күтілуде. Дамыған экономикаларда 2020 жылы кейіннен 1,7 %-ға төмендеумен 2019 жылы 1,8 % деңгейінде болжанып отыр (5-сурет):



Сурет 5 - 2018 ж. жеке елдердің өсуі жөніндегі ХВҚ-ның болжамы

Еуроаймақ. Германияда, Италияда және Францияда жеке тұтыну көрсеткіштерінің төмен болуы, автомобильдер үшін шығарындылардың жаңа нормативтерін енгізу және өнеркәсіптік өндірістің қысқаруы салдарынан өсудің баяулауы Еуроаймақтың өсу қарқынына теріс әсер ететін болады. Еуро аймағындағы өсім 2018 жылы 1,8 %-дан 2019 жылы 1,3 %-ға дейін және 2020 жылы 1,5 %-ға дейін баяулайды деп болжануда.

Өңірдегі экономикалық өсудің сақталуына негізгі қауіп жұмыссыздық болып табылады. Жұмыссыздық бойынша жоғары көрсеткіштер 2018 жылы 19,6 % деңгейінде Грекияда және 15,3 % деңгейінде Испанияда сақталып отыр.

АҚШ. 2018 жылы АҚШ-тағы макроэкономикалық жағдай қолайлы трендтердің сақталуымен сипатталды. Макроэкономикалық жағдайдың жандануы еңбек нарығындағы жағдайдың жақсаруымен, іскерлік белсенділіктің жоғарылауымен және тұтыну секторының өсуімен, сондай-ақ 2017 жылдың соңында салықтардың айтарлықтай төмендеуіне байланысты.

ХВҚ сарапшыларының жаңартылған болжамдарына сәйкес 2019 жылы экономиканың өсімі 2,3 % деңгейінде кейіннен 2020 жылы 1,9 %-ға дейін бәсеңдейді деп күтілуде. Экономикалық белсенділіктің баяулауы бюджеттік ынталандырудың тоқтатылуына және пайыздық мөлшерлемелерді әлеуетті арттыру аясында инфляция деңгейінің күтілетін ықтимал ұлғаюына байланысты болады.

Қытай. 2018 жылы қытай экономикасының өсуі 1990 жылдан бастап ең төмен қарқынын көрсетіп, 6,6%-ға дейін баяулады, бұған қаржылық реттеудің қатаңдатылуы мен тұтыну шығыстарының төмендеуі, сондай-ақ АҚШ-пен саудадағы шиеленіс салдарынан өндірістік белсенділіктің қысқаруы әсер етті.

Болжамдарға сәйкес Қытай экономикасының баяулауы 2019 – 2020 жылдары да сақталады. ЖІӨ өсуі тиісінше 6,3 және 6,1 %-ға дейін бәсеңдейді [5].

Ресей. 2018 жылы Ресей ЖІӨ 2,3 %-ға өсті, оған мұнайға неғұрлым жоғары баға мен қолдаушы ақша-несие саясаты мүмкіндік туғызды. Құбылмалы айырбас бағамы мен қаржы секторын қолдау шараларының іске асырылуы мұнай бағасының құлдырауы мен Украинадағы және Сириядағы жағдайға байланысты күшейіп келе жатқан геосаяси ахуалдан туындаған халықаралық экономикалық санкциялардың салдарларын жұмсартуға мүмкіндік берді. ХВҚ-ның болжамы бойынша экономиканың өсу қарқыны 2019 жылы 1,6 %-ға дейін бәсеңдеп, кейіннен 2020 жылы 1,7 %-ға дейін жеделдейді. Сонымен бірге, АҚШ-тың Ресейге қарсы күшейіп келе жатқан санкциялық саясаты мен мұнайға деген төмен баға Ресей

Федерациясы экономикасының өсуіне тежегіштік әсер беруі мүмкін.

Қорытынды

Қорытындылай келе, орта мерзімді перспективада әлемдік экономиканың өсуі қолайлы болады және экономикалық өсу көбінесе дамыған елдердегі ұстамды өсудің аясында дамушы елдердің есебінен қамтамасыз етілетін болады. Сонымен бірге, жағымсыз үрдістерді туындатуға қабілетті тәуекелдер әлі де сақталуда.

Бірінші тәуекел – АҚШ-тың ақша-несие саясатының қатаңдауы. Федеральды резервтік жүйе (бұда әрі – ФРЖ) экономикалық ахуалдың жақсаруы аясында бірқалыпты экономикалық дамуды қолдау үшін АҚШ-тың ақша-несие саясатын біртіндеп қатаңдатуы көздеп отыр. ФРЖ 2018 жылғы желтоқсан айындағы отырыс қорытындысы бойынша базалық мөлшерлемені 2,25-2,5 %-ға дейін көтеру туралы шешім қабылдады. Бұл ретте ФРЖ 2018 жылы пайыздық мөлшерлемені 4 рет көтерді, ал 2019 жылы тағы екі көтеру жоспарлануда. Тұрақты макроэкономикалық ортаны ескере отырып, алдағы уақытта ол 3,0 %-ға дейін өсуі мүмкін.

Екінші тәуекел – сауда қақтығысы және бизнес процестердің келіспеушілігі. Протекционизмнің күшеюі, бизнес шектеулердің қатаңдауы, сауда қақтығыстары (АҚШ - Қытай), сондай-ақ Ұлыбритания мен Еуроодақтың сауда-экономикалық режимдерінің келіспеушілігі әлемдік сауданың бәсеңдеуіне алып келуі және мұнай бағасына қысым жасауы мүмкін.

ХВҚ сарапшыларының болжамы бойынша сауда қатынастарының шиеленістің аясында әлемдік сауданың өсуі 2018 жылғы 3,8 %-дан 2019 жылы 3,4 %-ға дейін баяулап, 2020 жылы 3,9 %-ға дейін ұлғаяды деп күтілуде.

Үшінші тәуекел – Ресей мен Иранға қатысты АҚШ санкциялары. Жаһандық факторға айналған АҚШ-тың санкциялық саясаты әлемдік экономиканың ағымдағы жай-күйіне және оның ұзақ мерзімді өзгерістеріне ғана әсер етіп қоймай, сондай-ақ Ресей мен Иранның серіктестері елдерінің экономикасы үшін әлеуетті тәуекелдерді жүктейді.

Төртінші тәуекел – әлемдегі геосаяси ахуалдың нашарлауы. Украинадағы, Сириядағы және тұтастай алғанда Таяу Шығыстағы қолайсыз геосаяси ахуалдың жалғасуы сыртқы сауда мен тікелей шетел инвестицияларының екінші арналары арқылы қосымша тәуекелді туындатуы мүмкін [6].

Бұл үрдіс жұмыссыздықтың өсуіне және ақысы төмен жұмыс күшіне сұраныстың төмендеуіне алып келеді, осылайша дамыған нарықтарға мигранттардың мен және білікті кадрлардың кету тәуекелдерін арттырады. Осылайша, борыш саясаты бюджет тапшылығын қаржыландыру және үкіметтің қолайлы жағдайларда қарыз алуын жүзеге асыруға елдің борышын қауіпсіз деңгейде ұстауға бағытталған.

Қолданылған әдебиеттер

1 Акимов, Ж. М. Нарықтық қатынастар арқылы кәсіпкерлердің балық өнімдерін арттыру / Ж. М. Акимов // АльПари. - 2077. - № 1. - С. 243-244

2 Жамишев «ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы шенберіндегі әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары». Қоғам ж/е Дәуір-2019 № 3 бет 34-37

3 Ихданов Ж.О., Омарбеков Ә.О. Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері: Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2002 – 218 бет.

4 Дүйсенбаев К.Ш., Төлегенов Э.Т., Жұмағалиева Ж.Г. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау / Оқу құралы. – Алматы: Экономика. 2001 ж.

5 Ә.Әбдіманапов. «Бухгалтерлік және қаржылық есеп принциптері» Алматы, 2006ж.

6 Раимбеков Ж.С. Кәсіпорын экономикасы: Электрондық оқу құралы. - Астана: Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, 2015.



Типы аграрного развития в ЕС

Аңдатпа. Кез келген ел әрдайым шетелдік тәжірибені ескереді. Ауыл шаруашылығын дамытуда еуропалық тәжірибе өте маңызды, ол оң нәтижелермен сипатталады. Мақалада ЕО елдеріндегі ауылшаруашылық дамудың түрлері талқыланады.

Аннотация. Любая страна всегда берет во внимание зарубежный опыт. В развитие сельского хозяйства очень важен Европейский опыт, который характеризуется положительными результатами. В статье рассмотрены типы аграрного развития в странах ЕС.

Abstract. Any country always takes into account foreign experience. In the development of agriculture, European experience is very important, which is characterized by positive results. The article discusses the types of agricultural development in the EU countries.

Кілтті сөздер: ауыл шаруашылығы, экономикалық даму, Еуропалық Одақ, аграрлық саясат, экспорт, импорт, сауда

Ключевые слова: сельское хозяйство, экономическое развитие, Европейский союз, аграрная политика, экспорт, импорт, торговля

Key words: agriculture, economic development, European Union, agricultural policy, export, import, trade

Введение

Сельское хозяйство – одна из ведущих отраслей стран ЕС. По основным видам сельскохозяйственной продукции большинство стран целиком обеспечивает свои потребности и заинтересованы в ее сбыте на внешних рынках.

Объект и методология

Под влиянием естественных и исторических условий в регионе сложились три основных типа сельского хозяйства [1]:

- североевропейский;
- средневропейский;
- южноевропейский.

Североевропейский тип (Скандинавия, Финляндия, а так же Великобритания) характерен преимущественно интенсивным молочным животноводством, а в обслуживающем его растениеводстве – кормовыми культурами.

Среднеевропейский тип отличается преимуществом животноводства молочного и молочно-мясного направления, а также свиноводства и птицеводства. Очень высокого уровня достигло животноводство в Дании, где оно стало отраслью международной специализации. Эта страна – один из самых больших в мире производителей и экспортеров масла, молока, сыра, свинины, яиц. Недаром ее нередко называют «молочной фермой» Европы. Для южноевропейского типа характерно преимущественно растениеводство, а животноводство играет второстепенную роль.

Результаты исследования

Аграрная политика – это особая система государственной поддержки и регулирования сельского хозяйства, которая определяет характер развития отрасли. В развитии общей аграрной политики ЕС обычно насчитывают 8 этапов [2].

Первый этап (1962–1977 гг.) – политика ориентированная на обеспечение жителей ЕС самыми необходимыми продовольственными продуктами. Так как на данном периоде ЕС объединяло девять стран, возникла потребность согласования общей политики регулирования цен на сельскохозяйственную продукцию, предложены инструменты регулирования рынка, сформулированы принципы установления величины закупочных цен объемов заку-

пок. Субъекты сельского хозяйства получали большие суммы субсидий. Расходы общего бюджета ЕС на сельское хозяйство превысили 65 %, а высокая степень поддержки производства отдельных сельскохозяйственных продуктов привела к их перепроизводству

Второй этап (1978-1984 гг.) – строгое регулирование закупочных цен, ограничивающее перепроизводство сельскохозяйственной продукции и поставки ее на рынок. Значительно уменьшено применение инструментов поддержки рыночных цен, усиленная финансовая дисциплина по использованию общего бюджета ЕС. Введены экспортные субсидии, что создало более благоприятные ценовые условия для реализации сельскохозяйственных товаров на зарубежных рынках. Принятые меры признаны недостаточными, так как не удалось в желаемых объемах сократить перепроизводство. В 1981 г. к ЕС присоединилась Греция.

Третий этап (1984-1988 гг.) – усилия по дальнейшему уменьшению объемов сельскохозяйственной продукции: регулирование закупочных цен, внутренний рынок защищающая налоговая политика, квоты на объемы производства молока. Введение квот на продукцию молока в сущности, изменило систему ЕАП, где впервые утверждены количественные ограничения на объемы производства определенного вида продукции. Квоты на молоко были установлены индивидуально для каждой страны – члены сообщества и субсидии выплачивались только на установленное в рамках квоты количество молока. В 1986 г. в ЕС вошли Испания и Португалия (15).

Четвёртый этап (1988 -1992 гг.) – ЕС объединял уже 12 стран, удалось стабилизировать предложение основных сельскохозяйственных товаров на внутренний рынок ЕС, стимулируется развитие ассортимента и высокое качество продукции, поддерживаются хозяйства, расположенные в менее благоприятных для сельскохозяйственного производства регионах, среди фермеров формируется понятие о необходимости сохранения окружающей среды, выплачивается финансовая поддержка за переработку отдельных видов сельскохозяйственной продукции.

Пятый этап (1992 -1996 гг.) – качественно новый этап, во время которого были проведены существенные реформы ЕАП – реформа MacSharry отменила систему регулирования закупочных цен, ее заменил механизм компенсации, выплачиваемых за гектар сельскохозяйственных угодий. – прямые выплаты. Введены квоты на поголовье быков, овец, компенсации за поголовье проданного скота, выплаты за содержание коровоматок и овецоматок. Фермерам были созданы предпосылки, рационально распоряжаясь физическими, финансовыми, природными ресурсами исходя из анализа реальных изменений на рынке самим выбирать оптимальную стратегию собственного хозяйства и разнообразие выращиваемой сельскохозяйственной продукции.

Шестой этап (1997-2003гг.) – «Повестка дня 2000» гласила начало либерализации производственного процесса сельскохозяйственной продукции. Определён план продолжения реформы. Потребность в реформе аграрной политики ЕС была обусловлена многими проблемами. Субсидии сельскому хозяйству покрывали примерно 50% стоимости производимой продукции, около половины ежегодного бюджета ЕС. Страны ЕС определили новые принципы ЕАП:

Седьмой этап (2004-2007 гг.) – связан с наибольшим расширением ЕС. В союз вступили еще десять государств Центральной и Восточной Европы. Установлен строгий график прямых выплат фермерам, зафиксированы конкретные объемы выплат для каждой страны, выплаты не связаны с объемами продукции, а стали инструментом поддержки стабильности доходов для фермеров. Основным акцентом ЕАП на этом этапе стали комплексные соотношения финансовой поддержки со стандартами охраны природы, безопасности и качества пищевых продуктов, гигиены, санитарии, благосостояния домашних животных (Cross compliance).

Восьмой этап (2007-2013 гг.) – продолжается реформа 2003 г. усиливая развитие сельских территорий. Создан отдельный регламент на 2007-2013 гг. В этом регламенте выделены четыре основные программные направления финансирования – оси:

I ось. Конкурентоспособность сельскохозяйственного сектора: укрепление человеческих ресурсов (профессиональное обучение, информирование, консультирование), модернизация физического капитала (инвестиции, обустройство молодых фермеров, преждевременный выход на пенсию), увеличение производства сельскохозяйственной продукции и качества продукции (рост добавочной стоимости).

II ось. Улучшение природных условий и ландшафта: экологическое хозяйство, выплаты за сохранение окружающей среды, облесение, восстановление лесного потенциала, выплаты НАТУРА 2000, компенсации ведущим сельскохозяйственную деятельность в менее благоприятных, т.е. неурожайных регионах с физическими препятствиями (в горных условиях).

III ось. Улучшение условий жилья и стимулирование альтернативной деятельности в сельских территориях: переход к несельскохозяйственной деятельности, сельский туризм, обновление сельских территорий.

IV ось. Реализация LEADER, метода: поощрение активности сельских общин, местных инициативных групп в формировании долгосрочной последовательной деятельности.

Заключение

Таким образом, рассмотренные типы аграрной политики имеют свои особенности, которые могут быть использованы на практике других стран.

Список использованных источников:

1 Ковальская, Е. Нормативные основы динамики интеграционного процесса на пространстве общеевропейского рынка. // Государство и право, 2008. - № 8.

2 Иоланта Дрождз, Гедиминас Радзвичюс Типология этапов развития единой аграрной политики ЕС.- ISSN 1822-6760. // Management theory and studies for rural business and infrastructure development, 2010. - Nr. 21(2). - Research papers.



МРНТИ: 06.54.31

А.М. Абакаров¹, Р.А. Притула¹

**¹Костанайский инженерно-экономический университет ми. М Дулатова
Костанай, Казахстан**

Влияние погодных условий на эффективность производства зерновых культур в Костанайской области

Түйіндемe. Ауа-райы қауіптері ауылшаруашылық өнімділігіне айтарлықтай әсер етеді. Мақалада қолайсыз климаттың өзгеруімен байланысты ауа-райының қауіптілігі мен залал деңгейі бағаланған. Талдау Қостанай облысындағы дәнді дақылдар өндірісінің мысалында жүзеге асырылады.

Аннотация. Существенное влияние на результативность сельскохозяйственного производства оказывают погодные риски. В статье приведена оценка уровня погодного риска и ущерба, связанного с неблагоприятным изменением климата. Анализ проведен на примере производства зерновых культур Костанайской области.

Abstract. More essentially weather risks have impact on productivity of agricultural production. In article the assessment of level of weather risk and the damage connected with adverse climate change is carried out. The analysis is carried out on the example of production of grain crops of the Kostanai region.

Түйін сөздер: ауа-райының қауіпі, дақылдар, Қостанай облысы, зиянды бағалау.

Ключевые слова: погодные риски, зерновые культуры, Костанайская область, оценка ущерба.

Key words: weather risks, grain crops, Kostanai region, damage assessment

Введение

Агропромышленный комплекс (АПК) является важной составной частью экономики нашей страны, которая включает отрасли по производству сельскохозяйственной продукции и ее переработке и доведению до потребителя, а также обеспечивает сельское хозяйство и перерабатывающую промышленность средствами производства. В структуре АПК выделяют три основные сферы, или группы отраслей и производств: Сельское хозяйство (земледелие и животноводство), лесное и рыбное хозяйство. Отрасли, перерабатывающие сельскохозяйственное сырье, пищевая промышленность, отрасли легкой промышленности, хлопка и шерсти. Отрасли промышленности, выпускающие средства производства для сельского хозяйства и перерабатывающих сельскохозяйственную продукцию отраслей (сельскохозяйственное машиностроение, машиностроение, выпускающее оборудование для пищевой и легкой промышленности, минеральные удобрения и др.). В эту сферу входят обслуживающие производства, обеспечивающие заготовку, хранение, транспортировку и реализацию продукции АПК. В агропромышленном комплексе страны до сих пор имеется ряд недостатков - низкие темпы структурно-технологической модернизации отрасли, неудовлетворительный уровень развития рыночной инфраструктуры, мелкотоварность сельскохозяйственного производства, финансовая неустойчивость отрасли, недостаточный приток частных инвестиций на развитие отрасли, дефицит квалифицированных кадров и т. д. [1].

Объект и методика

Сельскохозяйственное производство является специфической отраслью народного хозяйства, на эффективность деятельности которой оказывают значительное влияние природно-климатические риски. Изменения климатических условий уже происходят и оказывают негативное влияние на результативность сельскохозяйственного производства. По прогнозам специалистов, на период до 2050 года климат и дальше будет меняться, при этом изменения будут более сильными и быстрыми, чем в последние 100–150 лет [2].

Аграрный сезон 2019 года преподнес не мало погодных испытаний крестьянам Казахстана – такова особенность резко континентального климата и связанной с ним неустойчивости погоды. Год начался с мощной влагозарядки почвы благодаря обильным осадкам в конце зимы и начале весны. При этом май выдался сухим, что позволило всем аграриям провести посевную в оптимальные сроки. Июнь порадовал дождями, это помогло получить красивые чистые всходы и обеспечило хорошее кущение: каждое растение выпустило по три – четыре побега. Однако июль и первая половина августа прошли без осадков, да ещё на фоне жары под 40 градусов. Дефицит влаги заставил растения сбросить все «лишние» побеги, сохранив лишь один основной. В конечном результате урожай оказался намного ниже прошлогоднего [3].

Результаты исследований

В таблице 1 видно падение объемов сбора урожая в Костанайской области в 2010 г., 2012 г. и 2019г. [4] в результате неблагоприятных погодных условий, в частности, наблюдавшейся в эти годы засухи.

Таблица 1 Объем производство зерна, тыс. т

Год	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019
Валовый сбор	3039.9	7900.0	2449.5	4267.5	3987.5	4541.9	4535.9	4857.8	4679.2	2872.4

Изменение объемов производства продукции растениеводства и связанное с ними изменение предложения на рынке продовольствия сказываются на уровне цен на продукцию сельского хозяйства.

Под воздействием погодных факторов в 2010, 2012 и 2019 гг. наблюдалось сокращение объемов производства зерна, что привело к росту его стоимости на рынке. Так, например, в первом полугодии 2019г средняя цена на пшеницу составляла 59963,74 тенге, а в марте 2020г. цена уже выросла до 72325,20 тенге [5].

Существенное подорожание цены продукции зерновых культур в 2010 г. обусловлено ухудшением погодных условий не только на территории Казахстана, но и в большинстве стран мира. Так, засуха привела к снижению объемов производства зерна на значительной части России и Украины, обильные дожди повлекли сокращение объемов в Канаде и Европе [6].

Произведем примерные расчеты ущерба по недобору урожая в 2019 году.

По данным государственного реестра и комитета по статистике [4, 5] в период 2014 по 2018 годы средний валовой сбор пшеницы в Костанайской области составляет 3957,34 тысяч тонн. при средней цене в 46728 тенге за тонну. Стоимость всего зерна оставляет 184,9 млрд тенге. В 2019 году было собрано 2330,6 тысяч тонн при средней цене за год 69805,59 тенге за тонну. Стоимость 162,6 млрд. Итого недобор 22,3 млрд.

Выводы

На основании проведенного анализа можно сделать вывод, что на эффективность развития сельскохозяйственного производства существенную роль оказывают влияние природно-климатические факторы.

Путем учета всех внешних и внутренних факторов риска можно достоверно оценить фактическое состояние отрасли и разработать перспективы ее развития. При этом климатические условия являются ключевыми для получения хорошего урожая. Риски от снижения урожайности из-за погодных условий косвенно сказываются и на отрасли животноводства.

При плохом урожае может возникнуть нехватка кормов, что приводит к снижению продуктивности скота, снижению поголовья. Это сказывается на увеличении затрат на производство продукции, снижение рентабельности продукции и производительности труда.

Проведение комплексного исследования по оценке воздействия погодных рисков на сельскохозяйственное производство, оптимизация структуры посевов с учетом изменения погоды и интенсификация развития аграрного сектора являются необходимыми методами для адаптации сельскохозяйственных предприятий к рискам связанным с изменением и резким колебанием климатических условий.

Список литературных источников

- 1 Kim V. V., Abdishova G. B. “Osobennosti agropromishlennogo kompleksa v Kazahstane” Molodoi uchenyi, 2017, no 8.1, available at: <https://moluch.ru/archive/142/39991/> (accessed 11.03.2020)
- 2 Shivrina T.B., Davydova U. V. “Vliianie pogobyh uslovii na effektivnost proizvodstva zernovyh kultur v Kirovskoi oblasti” Fundamentalnye issledovania. 2012, no 12-10, available at: <http://www.fundamental-research.ru/ru/article/view?id=36554> (accessed 11.03.2020)
- 3 Buianov S. Informacionnoe agenstvo “Kazakh zerno” 2019, available at: <https://kazakh-zerno.net/161453-kazahstan-nedobral-3-mln-tonn-zerna-po-itogam-2019-goda/> (accessed 11.03.2020)
- 4 Ministerstvo nacionalnoi ekonomiki Respubliki Kazahstan. Komitet po statistike available at: <https://stat.gov.kz/> (accessed 11.03.2020)
- 5 Gosudarstvennyi elektronnyi reestr derzhatelei zernovyh raspisok, available at: <https://grain.qoldau.kz/p/ru/gr-operations/granary-statistics/grain-receipts-wheat-stat-by-avg-cost> (accessed 11.03.2020)
- 6 Safonov G. V., Safonova U. A. “Ekonomiceskii analiz vliania izmenenia klimata na selskoe hoziaistvo Rossii: nacionalnee i regionalnye aspekty (na primere proizvodstva zernovyh kultur). Otchet dlia predstavitelstva Oxfam v Rossiiskoi Federacii, Moscow, 2013.



Е.Қ. Қаратай, 2 курс магистранты¹

Б.Т. Череева, э.ғ.м., аға оқытушы¹

¹М. Дулатов атындағы Қостанай инженерлі-экономикалық университеті
110000, Қостанай, Қазақстан

Инновациялық әлеуетке әсер ететін факторларды талдау

Андатпа. Бәсекелік жағдайында компанияның қызметінде инновациялық технологиялардың ендірілуі маңызды рөл ойнайды, ал бұл инновациялық әлеует деңгейімен сипатталады. Мақалада компанияның инновациялық әлеуетіне әсер ететін факторлар қаратырылған.

Аннотация. В условиях конкуренции важную роль играет внедрение инновационных технологий в деятельность предприятий, уровень которого характеризуется инновационным потенциалом. В статье рассмотрены факторы влияющие на инновационным потенциал компаний.

Abstract. In a competitive environment, the introduction of innovative technologies in the activities of enterprises, the level of which is characterized by innovative potential, plays an important role. The article considers factors influencing the innovative potential of companies.

Кілтті сөздер: инновация, инновациялық әлеует, факторлар, менеджмент, технология, кадрлар, зерттеу, өнертабыс

Ключевые слова: инновация, инновационный потенциал, факторы, управление, технологии, персонал, исследование, изобретение

Keywords: innovation, innovative potential, factors, management, technology, personnel, research, invention

Кіріспе

Инновация – бұл жаңа немесе жетілдірілген өнімнің, техниканың, технологиялардың, өндірісті ұйымдастырудың жаңа тәсілдері мен басқаруда өзінің іске асуын тапқан ғылыми білімдердің коммерциализациясы. Инновация келесі қасиеттерге ие болуы тиісті: жаңашылдыққа ие болу, нарықта өткізілуі тиіс, экономикалық және тиімділіктің басқа түрлерін әкелуі тиіс. Қазақстанда инновациялық инфрақұрылымнан, қаржылық құрылымнан, ғылыми әлеуеті мен бизнестен тұратын ұлттық инновациялық жүйе қалыптасқан. Бұл жүйе мемлекеттік қолдауымен елімізде инновациялық кәсіпкерлікті дамуын жетілдіру тиіс, оған жету үшін инновациялық жүйесі белгілі бір бағыттар бойынша қалыптастыруы қажет, оларға еліміздің инновация бойынша басымдықтарын анықтау, механизмдерін құру, болжам жасау, дамуға қолайлы ортаны қалыптастыру, жанама тәсілдердің дамуын ынталандыру, инновациялық инфрақұрылымның қалыптасуына қатысу, зерттеулерді дамыту, білім беруді жетілдіру және ғылым мен бизнес арасындағы тығыз әріптестікті орнату. Ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру үш кезең ішінде жүргізуі жоспарланды. Елімізде 9 технопарк, 20 зерттеу лаборатория, 5 конструкторлық бюро мен 9 венчурлық қор құрылған еді.

Объект және методология

Еліміздің инновациялық дамуында маңызды орынды ғылыми әлеуеті алады. Ғылыми әлеуеті ғылыми институттардың, ғылымдардың санымен, ғылыми-зерттеулерге кеткен шығындармен, патенттердің санымен және т.б. анықталады. Осыларың бәрі еліміздің инновациялық дамуына ықпалын тигізеді. Сондықтан да мақалада қазақстандық экономиканың инновациялық белсенділігіне адами капиталдың сапасы қаншалықты әсер ететінің экономикалық-математикалық модельдеу негізінде зерттеу жасалынған еді.

Зерттеу нәтижелері

Модельдеуде өнімдік және үдерістік инновациялары бойынша инновациялық белсендік негізгі факторы деп, ал оған әсер етуші факторлар ретінде зерттеулерге және

әзірмелерге жұмсалған шығындар, зерттеулермен айналысатын персонал саны, өнертабыстың тіркелген саны мен ғылыми зерттеулер нәтижелері бар басылымдар саны алынған еді. Осы аталған факторлардың негізгі факторға әсерін корреляциялық-регрессия талдау әдістері негізінде анықтаймыз. Ол үшін модельдеуде 2005-2015 жылдардың статистикалық мәліметтерін қолданамыз (кесте 1).

Кесте 1 – 2005-2015 жж. инновациялық әлеуетті сипаттайтын көрсеткіштері

	Инновациялық белсенділік	Зерттеулерге жұмсалған шығындар, млрд.тенге	Зерттеумен айналысатын персонал, мың адам	Тіркелген өнертабыс саны	Зерттеу жарияланым саны
2005	3,4	21,5	18,9	1357	352
2006	4,8	24,8	19,6	1398	376
2007	4,8	26,8	17,8	1463	384
2008	4	34,8	16,3	1589	425
2009	4	39	15,8	1687	414
2010	4,3	33,5	17	1868	436
2011	5,7	43,4	18	1887	508
2012	5,7	51,3	20,4	1400	725
2013	4,8	61,7	23,7	1500	1693
2014	5,4	66,3	25,8	1504	893
2015	5,6	69,3	24,7	1504	1558

Ескерту: дереккөз [2]

Жоғары кестеде көрсетілген мәліметтердің негізінде MS Excel кестелік редактор көмегімен корреляциялық талдауды жүргізейік. Талдауда қолданылады:

Y – өнімді және үдеріс инновациялары бойынша инновациялық белсенділік;

X1 – зерттеулер мен зерттемелерге жұмсалған шығындар;

X2 – зерттеумен айналысатын персонал саны;

X3 – өнертабыс саны;

X4 – зерттеу нәтижелері бар жариялымдар.

Корреляциялық талдаудың нәтижесі төменгі 2-ші кестеде көрсетілген:

Кесте 2 – Корреляция талдау нәтижесі

	Y	X1	X2	X3	X4
Y	1				
X1	0,659	1			
X2	0,559	0,804	1		
X3	0,054	0,004	-0,412	1	
X4	0,455	0,853	0,802	-0,178	1

Кестеде көрсетілген корреляция нәтижесі инновациялық белсенділік деңгейіне ғылыми зерттеуге жұмсалынған шығын көлемінің ($R = 0.659$) әсері бар екенін көрсетеді. Y факторының X2, X3 пен X4 факторлардың арасындағы корреляциялық байланыс жоқ екенін айтуға болады, өйткені Рахметова Р.Ө. айтуы бойынша модельдеуге 11 мәлімет қолданылатын болса, онда олардың арасындағы корреляциялық коэффициенті 0,57-ден жоғары болуы тиіс, онда ғана факторлардың арасында әсер бар екенін айтуға болады [3].


Осыған орай, регрессиялық талдауда Y және X1 факторларды қолданып, регрессия моделін тұрғызамыз. Регрессия талдау $Y(X1)$ нәтижесінде корреляция коэффициенті $R=0,659$ -ға тең, ал детерминация коэффициенті $R^2 = 0.434$ инновациялық белсенділіктің

деңгейінің өзгеруі 43,4%-ы ғылыми зерттеулерге жұмсалынған шығындардың көлеміне байланысты өзгертінін көрсетеді. Регрессия моделі келесі түрде болады:

$$Y = 3,47 + 0,03 * X1 \quad (1)$$

Регрессия моделі адекватты болып табылады, өйткені $F = 6.921 > F_{кр} = 4.96$ және де статистикалық маңызды болып келеді, себебі $t_{x1} = 2.63 > t_{кр} = 2.228$. $X1$ факторының өзгеру аралығы ғылыми зерттеулерге жұмсалынған шығындар 1 млрд. тенгеге өсетін болса, онда инновациялық белсенділік деңгейі 0,004 пен 0,056 аралығында өсу ықтималдығын білдіреді.

Енді батылған регрессия моделінің дәлдігін тексеру үшін графикті сызамыз (сурет 1), онда Y факторының нақты мәні мен Y^* модельдеудің нәтижесіндегі мәнін бір бірімен салыстырылады.




Сурет 1 - Регрессия моделімен есептелген Y^* және алғашқы мәндерінің Y графигі

Суреттен көріп отырғанымыздай Y факторының мәндері 2010, 2014 және 2015 жылдарында сәйкес келді. Осы моделді қолданып болжамдық мәндерін жасап көрейік, ол үшін ғылыми зерттеулерге жұмсалынған қаражат көлемі жыл сайын 5%-ға өсті деп алсақ, онда инновациялық белсенділік деңгейі келесі түрде болады:

$$2017 \text{ жылы: } Y = 3.47 + 0.03 * 76,4 = 5.76$$

$$2018 \text{ жылы: } Y = 3.47 + 0.03 * 80.2 = 5.87$$

Сонымен регрессия моделі негізінде инновациялық белсенділік деңгейі 2017 жылы орташа 5,8-ге, ал 2018 жылы 5,9-ға тең болады, егер де мемлекеттік және жеке меншіктегі қаржы көздерінен ғылыми зерттеулерге жұмсалатын көлемі жыл сайын 5%-ға орташа өсетін болса (сурет 2).



Сурет 2 - Инновациялық белсенділіктің 2005-2018 жж. көрсеткіштер серпіні

Ескерту: автормен құрастырылған

Қорытынды

Қорыта айтқанда, елімізде инновациялық белсенділікті артуы үшін бизнес пен ғылымның арасындағы өзара қарым-қатынасты күшейту қажет, ғылыми зерттеулерге мемлекет және жеке бизнес тарапынан қолдау көрсетуі қажет, көріп тұрғанымыздай ғылыми зерттеулерді жүргізуге бөлінетін қаражат көлемі өте аз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Баймұратов О. Национальная экономическая система. – Алматы: Атамұра, 2011. – 192 с.
- 2 Қазақстанның ғылымы мен инновациялық қызмет. 2011-2015. Статистикалық жинағы. – Астана, 2016. – 53б.
- 3 Рахметова Р.Ө. Эконометрика. – Алматы: Экономика, 2016. – 206б.



МРНТИ: 06.54.31

Ә. Қ. Тасмағанбет¹, Р.А. Притула¹

¹Костанайский инженерно-экономический университет ми. М Дулатова
110000, Костанай, Казахстан

Европейский опыт формирования корпоративной культуры

Түйіндеме. Корпоративті мәдениетті қалыптастырудағы еуропалық тәжірибе - бұл отандық бизнес ұйымдарының мәдениетіне маңызды әлеуметтік-философиялық көзқарас.

Аннотация. Европейский опыт формирования корпоративной культуры является важным социально-философским подходом к культуре отечественных хозяйственных организаций.

Abstract. The European experience in the formation of corporate culture is an important socio-philosophical approach to the culture of domestic business organizations.

Түйін сөздер: корпоративті мәдениет, Еуропалық Одақ, даму, ынтымақтастық, ұйымдастыру, өндіріс, корпорация, нәтиже, шетелдік тәжірибе.

Ключевые слова: корпоративная культура, Европейский Союз, развитие, сотрудничество, организация, производство, корпорация, результат, зарубежный опыт.

Keywords: corporate culture, European Union, development, cooperation, organization, production, corporation, result, foreign experience.

Введение

Корпоративная культура - это система материальных и духовных ценностей и проявлений, которые взаимодействуют между собой, и присуще корпорации, отражают ее индивидуальность и восприятие себя и других в социальной и вещественной среде, которая проявляется в поведении, взаимодействии, восприятии себя и окружающей среды.

Развитие сотрудничества Европейского Союза со странами Центральной Азии в формате корпоративной культуры будет способствовать интеграции опыта в отечественные корпорации.

Объект и методика

Объектом выступают европейские корпоративные культуры. В процессе исследования были использованы организационные методы, которые позволяют устанавливать связи и взаимозависимости между явлениями разного типа.

Эти методы направлены на теоретическое изучение материала, сопоставление, анализ литературных источников и документов, обобщение.

Результаты исследований

Европа характеризуется сосуществованием различных культур с их сходствами и различиями. Культурные различия, существующие в Европейском союзе, не являются препятствием для европейской интеграции, они постепенно становятся источником многих конкурентных преимуществ для компаний ЕС и стран ЦА.

В Британии, где очень важен социальный статус, иерархия внутри фирмы очень жесткая, для Италии же, напротив, характерен «дух свободы» и, как результат - низкий уровень дисциплины, «слабый» менеджмент. Для французской корпоративной культуры характерны высокомерие и снобизм, управленческие приемы во французских компаниях несколько ста-

ромодны из-за склонности управлять «по старинке». Для немцев характерна прекрасная дисциплина и усердие. Например, сотрудник немецкой компании Nutzwirk может быть уволен, если его поймут на том, что он жалуется на жизнь на своем рабочем месте. В контракте, который заполняют служащие Nutzwirk при поступлении на работу, есть такой пункт: «...жалобы в Nutzwirk запрещены... за исключением тех случаев, когда они сопровождаются конструктивными предложениями по улучшению сложившейся ситуации». Негативная энергия влияет не только на настроение работника, но и на производительность труда. «Если вы хотите, чтобы работать в вашей компании было бы интересно и весело, и если вы хотите реализовать действительно значительные цели, то вам вряд ли удастся добиться этого, если ваши сотрудники постоянно пребывают в плохом настроении. В этом случае они просто тратят время, и это время принадлежит компании», - считает руководитель компании [1].

В процесс принятия решений в немецкой компании вовлекается очень большое количество работников, и хотя на привлечение различных специалистов к этому процессу затрачивается много времени, «качество принятия решений» очень высоко. На немецкой фирме соблюдается четкое разделение прав, обязанностей и соответствующей ответственности. В целом европейскую корпоративную культуру считают самой бюрократизированной, большинство исследователей полагают, что существующая в европейских компаниях вертикальная система принятия решений затрудняет высказывание личных инициатив, однако же, обязательное выполнение этических бизнес-норм, корректное поведение и вежливость создают приятную дружескую атмосферу.

Многие европейские компании перенимают и трансформируют «американский опыт», так, например, в компаниях Siemens, DaimlerChrysler (Германия), Heineken (Нидерланды) были созданы корпоративные университеты, однако, в отличие от подобного американского института европейский подразумевает «место для обмена знаниями и компетенциями» либо «связующее звено между передачей знаний и их созданием». Вообще для европейских компаний характерна эффективная система управления знаниями, которая, с одной стороны, упрощает систему управления и позволяет значительно повысить социальный статус работников, их производительность труда, а с другой - значительно увеличивает прибыль компаний.

Открытие того факта, что в организациях формируется и развивается некая особая культура, очень быстро привело к многочисленным исследованиям, которые спорят между собой и предлагают различные способы описания организационных культур и их классификацию. Но все исследователи сходятся на том, что, желая того или нет, корпоративная культура всегда существует в организации, задает ее уникальность и всегда влияет на результаты бизнеса. Создание корпоративной культуры чаще всего происходит стихийно. Она складывается из обломков культур, привнесенных разными людьми из предыдущих коллективов, и часто не соответствует стремлениям руководства. Неофициальная корпоративная культура проявляется в управленческом стиле и реальных взаимодействиях между сотрудниками.

Официальная корпоративная культура отражена в корпоративном кодексе компании: (миссия, видение, слоганы, ценности, цели, правила и нормы внутреннего и внешнего поведения и взаимодействий). Рассогласование официальной и неофициальной корпоративной культуры приводит к ухудшению адаптации новых сотрудников, повышению тревожности работников и снижению мотивации [2].

Насколько сильно отличается корпоративная культура в Казахстане от корпоративной культуры европейских стран?

Каждая успешная организация оценивает себя по различным критериям. В производстве (неважно, - казахстанском или иностранном) на первом месте стоят технологичность, реализуемость, соответствие нормам и критериям качества. В коммерческих структурах любой национальной принадлежности всегда на первом месте стоит объем продаж, соответствие требованиям рынка, клиентоориентированность. Согласно этим ценностям выстраиваются правила поведения и требования к людям. Очень часто в основе культуры организации лежат опыт и ценности учредителей или первых лиц компании. Если первые лица компании

привыкли решать все вопросы, вплоть до закупок скрепок, то сотрудники такой компании не должны стремиться что-либо делать самостоятельно. А самостоятельные и стремящиеся принимать ответственные решения никогда не приживутся в такой структуре.

Таким образом, корпоративная культура компании представляет собой некие ценности и нормы, разделяемые сотрудниками данной организации. Эти ценности находят свое воплощение в символах, легендах, героях, девизах и церемониях: где-то с утра поют гимны (казахстанская компания), а где-то каждый день перед началом рабочего дня зачитывают ценности (иностранная). Просто очень важно четко сформулировать, кто мы такие и чего хотим. И, конечно, определив это, положить в основу подбора персонала.

И поэтому при приеме на работу на казахстанское производство транснациональной компании основным критерием отсева стал вопрос: «Как Вы будете вести себя, если на производстве возникнет пожар?». Правильный ответ - согласно инструкции, - бежать и пытаться его тушить. Поэтому только 1 из 5 претендентов правильно отвечал на поставленный вопрос, но этот один полностью соответствовал корпоративной культуре этой компании и обеспечивал ее успех.

С другой стороны, один клиент, финансовый директор крупнейшей иностранной компании, переехав из Казахстана в Швейцарию, очень горевал, рассказывая о том, как легко было работать с русскими подчиненными, которые, если было необходимо, оставались работать допоздна, не требуя компенсации, тогда как швейцарские сотрудники уходили с работы в 17.00 независимо от того, выполнена была поставленная задача, или нет.

Таким образом, дальновидные руководители успешных предприятий рассматривают корпоративную культуру организации как стратегический инструмент, позволяющий ориентировать все подразделения и отдельных сотрудников компании на общие цели и ценностные установки, обеспечивать преданность делу и компании, облегчать общение и достигать взаимопонимания. Важно осознавать свои особенности, подбирать себе сотрудников в соответствии с этими особенностями и всегда быть открытым обратной связи, чтобы не упустить момент, когда неофициальная культура начнет расходиться с официальной [3].

Не смотря на то, что корпоративные культуры различных организаций каждой страны существенно отличаются, они, так или иначе, вписываются в общую национальную хозяйственную культуру или экономическую ментальность.

Более высокой стадией развития корпоративной культуры является культура бизнеса. Культуру бизнеса можно охарактеризовать как инструмент преобразования управленческих технологий в технологии системной организации деятельности корпорации. Те компании, которые выходят на уровень культуры бизнеса, имеют лучшие условия для своего развития, так как:

- способствуют формированию новых возможностей для развития бизнеса;
- формируют новую культурную среду, обеспечивающую возникновение новых потребностей общества в развитии дополнительных видов бизнеса.

Компании, находящиеся на разных уровнях развития корпоративной культуры, имеют и разные перспективы (таблица 1).

Таблица 1 - Перспективы компаний с различным уровнем корпоративной культуры

Уровень	Характеристика компании	Перспективы компании
Корпоративная культура	Развитая атрибутика корпоративной культуры; ориентация на получение прибыли, завоевание и удержание позиций на рынке; патриотизм, командный дух	При отсутствии способности учитывать быстро меняющиеся условия макросреды компания может стать неэффективной
Межкорпоративная культура	Открытость, готовность к изменениям. Корпоративная культура компании толерантна к другим культурам,	Дополнительные возможности ведения бизнеса, расширение информационных ресурсов, развитие персонала, стабиль-

	их ценностям, нормам и атрибутам	ное функционирование компании
Культура бизнеса	Готовность к социальному партнерству; взаимное обогащение корпоративной культуры компании и общественных ценностей	Развитые ценности и потребности формируют предпосылки для появления новых направлений деятельности

Культура корпорации и ее компонентов является результатом человеческих действий, мыслей, желаний, принимается подавляющим большинством членов корпорации. Национальная хозяйственная культура позитивно реагирует на передовой зарубежный опыт, с умением сочетать западную технику и казахстанский дух. При этом зарубежные новшества быстро становятся органическим элементом экономики Японии. В отличие от этого в нашей экономической истории прослеживается чередование попыток слепо копировать зарубежный опыт или же отвергать его.

Вывод

Концепция корпоративной культуры не имеет единственного общепризнанного толкования. Важным подходом к пониманию корпоративной культуры является социально-философский подход к культуре хозяйственной организации, при котором последняя рассматривается как специфическая социальная группа, члены которой разделяют определенные общие нормы и ценности. Было выявлено, что корпоративная культура включает в себя, прежде всего, приобретенные формы поведения и мышления, она изменяется во времени, для нее характерны как преемственность, усвоение традиции, так и изменчивость, сотворение нового. В корпоративной культуре также важен уровень представлений, ценностей, идеалов, которые люди создали или открыли и которые они пытаются воплотить в реальном поведении. Корпоративная культура должна постоянно поддерживаться и воспроизводиться, а это невозможно, если она не способствует удовлетворению потребностей сотрудников организации, прежде всего социальных и духовных.

Список литературных источников

- 1 Korporativnaya kylytra Toyota. Yroki dlya drygih kompanii. – М.: SINTEG, 2016. - 244 с.
- 2 Prityla R.A., Dosai O.J. Formirovanie korporativnoi sistemi upravleniya innovacionimi processami v Kazahstane. Materiali X Mejdynarodnoi naychno-prakticheskoi konferencii «Naychnii vzglyad v bydyschee – kak pyt modernizacii obschestvennogo soznaniya», chast 2, Kostanai, 2018,-С.163-167.
- 3 Kyznecov I.N. Formirovanie I podderjanie korporativnoi kylytri v organizacii // www.elitarium.ru



Кәсіпорын қызметкерлерінің бәсекеге қабілеттілігі

Андатпа: Мақалада «бәсекеге қабілеттілік» түсінігі қарастырылған, персоналдың бәсекеге қабілеттілігі анықталған. Қызметкерлерді басқару тұрғысынан олардың бәсекеге қабілеттілігінің факторлары келтірілген.

Аннотация: В статье рассматривается понятие «конкурентоспособность», определяется конкурентоспособность персонала. Приведены факторы их конкурентоспособности с точки зрения управления персоналом.

Annotation: The article considers the concept of «competitiveness», determines the competitiveness of personnel. The factors of their competitiveness in terms of personnel management are given.

Тірек сөздер: кәсіпорын, экономика, қызметкер, бәсекеге қабілеттілік, факторлар, адам капиталы, технология, еңбек нарығы, даму, ынталандыру, өндіріс

Ключевые слова: предприятие, экономика, персонал, конкурентоспособность, факторы, человеческий капитал, технология, рынок труда, развитие, мотивация, производство

Keywords: enterprise, economy, personnel, competitiveness, factors, human capital, technology, labor market, development, motivation, production

Кіріспе. Нарықтық экономика қатаң бәсекелестікпен сипатталады. Нарықтық экономикада өндіріс пен мемлекеттің жалпы ахуалын өркендетудің негізгі бастауларының бірі — өндірілетін өнімдердің, көрсетілетін қызметтердің бәсекелік қабілетін арттыру екендігі белгілі [1].

Персоналдың бәсекеге қабілеттілігі - бұл еңбек ресурстарының психофизиологиялық, кәсіптік біліктілігі, құндылық-мотивациялық және шығындық сипаттамаларының, сондай-ақ олардың бәсекелес нарықтағы жетістіктерін анықтайтын кешені. Кәсіпорын персоналының бәсекеге қабілеттілігінің мәні туралы қазіргі заманғы түсінікті білдіретін позицияға тоқталсақ:

- біріншіден, ол тұрақтандырушы функцияны орындайды;
- екіншіден, бұл кәсіпорын қызметіндегі маңызды ресурс, кәсіпорын тиімділігін арттырудың қосымша көзі ретінде қарастырылады.

Объектісі және әдістемесі. Қызметкерлердің жоғары бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру және қолдау кез келген кәсіпорынның сәтті жұмыс істеуінің басты шарттарының бірі болып табылады. Бір жағынан, кадрлардың қазіргі бәсекеге қабілеттілігі жедел мәселелерді сапалы шешуді қамтамасыз етуі керек, екінші жағынан, қызметкерлердің жинақталған әлеуеті ұзақ мерзімді перспективада кәсіпорынның стратегиялық мақсаттарына жетуге көмектесуі керек. Ол үшін кәсіпорындағы кадрлардың бәсекеге қабілеттілігін басқарудың үздіксіз процесін ұйымдастыру қажет.

Зерттеу нәтижелері. Зерттеушілердің басым көпшілігінің пікірі бойынша бәсекелестіктің теориялық негіздері қарастырылған алғашқы еңбектер экономикалық ғылымда XVIII ғасырдың ортасына дейін пайда болған жоқ. Бұл тұрғыда классикалық саяси экономиканың негізін салушылардың зерттеулері айтарлықтай рөл атқарды. Олар бәсекелестік объективті түрде барлық өндірістік және сауда қызметін жүзеге асыратын нәрсе деп сендірді, ал субъективті себептер оны шектей немесе өзгерте алады. Бәсекелестіктің барлық түрлерінде классика бағалық бәсекелестікке көп көңіл бөлді. Мысалы, А.Смит тауарлар бағасы, ұсыныс және сұраныс арасындағы байланысты зерттей отырып, осы үш элементті теңестіретін салмақ ретінде әрекет етуі керек бәсекелестіктің рөлін атап өтті. Сонымен, «ұсыныс тым үлкен болған кезде, баға сатушылар арасындағы бәсекелестікке соғұрлым төмен түседі немесе бұл өнімді тезірек сатудың қаншалықты маңызды болуына байланысты болады».

Танымал зерттеуші Ф. Хайектің пікірінше, ол «бәсекелестік - білімді үйлестіру, тарату және дамыту құралы». Бұл жағдайда бәсекелестік экономиканың деструктивті күші емес, прогресті анықтайтын және өндіріс тиімділігін арттыратын фактор болып табылады. Көбінесе компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін егжей-тегжейлі зерттеу екі бағытқа бөлінеді:

- өндірісті ұйымдастыру технологиясы мен әдістерін талдау;
- адами капиталдың сапасын талдау.

Бүгінгі таңда шаруашылық субъектілерінің ішкі және халықаралық нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізу өндірістің заманауи техникалық және технологиялық жабдықтарынсыз, сондай-ақ өндірістік процестерді ұйымдастырудың жоғары тиімді әдістерінсіз мүмкін емес екендігі даусыз. Назар аударуды талап ететін тағы бір фактор - бұл қызметкерлердің қауіпсіздігі мен өндірістің экологиялық қауіпсіздігі. Өндіріс процесінде қолданылатын технологиялар шаруашылық жүргізуші субъектілердің бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын факторлардың бірі болғандығын атап өткен жөн. Алайда бизнестегі инновациялардың оң нәтижесіне, мейлі ол жаңа технологияларды енгізу немесе заманауи ұйымдастырушылық-экономикалық реформалар адами ресурстардың арқасында қол жеткізіледі. Сондықтан экономикалық даму тұжырымдамасын жүзеге асыру материалдық, техникалық және еңбек әлеуетін барабар жинақтау болған жағдайда ғана мүмкін деп санайтын авторлардың пікірімен келісу қажет [3].

Адам - бұл басқа ресурстармен қатар дамуы керек кәсіпорынның бәсекеге қабілетті байлығы. Қазіргі уақытта бүкіл әлемде кәсіпкерлік субъектілердің бәсекеге қабілеттілігі еңбекті ұйымдастырудың технологиялары мен әдістерімен бірге білікті кадрлардың қол жетімділігін, сонымен қатар ұйымдастырушылық құрылымы мен жұмыс формаларын, қызметкерлерге бәсекеге қабілеттіліктің жоғары деңгейіне жетуге, еңбек әлеуетін тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін ынталандыру дәрежесін анықтайды. Осылайша, ұйымның бәсекеге қабілеттілігіне үш элементтің: бәсекеге қабілетті кадрлардың, бәсекеге қабілетті технологиялардың, бәсекеге қабілетті басқару әдістерінің жиынтығы арқылы қол жеткізуге болады.

Қызметкерлердің бәсекеге қабілеттілігінің жоғары деңгейі, жоғарыда айтылғандай, кәсіпкерлік субъектілерінің тиімді жұмыс жасауының маңызды шарттарының бірі болып табылады, алайда сонымен бірге ол өз иелеріне жеке экономикалық қауіпсіздік пен әлеуметтік тұрақтылықтың белгілі бір деңгейін қамтамасыз етеді.

Адам ресурстарын басқару мәселесі бойынша ғылыми дереккөздерді талдау адам өміріне «бәсекеге қабілеттілік» ұғымын экономикалық өмірдің субъектісі ретінде қолдану өте кең таралғандығын көрсетеді. Дегенмен, авторлар еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілік тұжырымдамасына назар аударады, бірақ сонымен бірге олар тұжырымдамаларында біркелкі емес.

Персонал кәсіпорынның негізгі ішкі жүйесі ретінде факторлар персоналдың бәсекеге қабілеттілігіне үлкен әсер ететін ішкі ұйымдастыру ортасымен тығыз байланысты. Сондықтан қызметкерлердің бәсекеге қабілеттілігін нақты ұйымдастырушылық және экономикалық жағдайлардан бөлек қарастыруға болмайды.

Еңбек экономикасы туралы ғылыми еңбектерде еңбек нарығы субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін бірнеше факторлар бар, сондықтан талдаудың ыңғайлылығы үшін оларды жіктеген жөн. Ең танымал классификациялардың біріне мысал келтіруге болады.

И.И. Хохлованың жіктеу критерийі факторлардың пайда болу ортасы болып табылады. Осылайша, қызметкерге қатысты барлық факторлар 3 үлкен топқа бөлінеді: сыртқы факторлар, кәсіпорында құрылған факторлар және жеке бәсекеге қабілеттілік факторлары. Осы жұмыстың мақсаттары үшін факторларды таңдаған кезде бақылау қабілеттілігі критерийін, яғни кәсіпорын басшылығына қол жетімді құралдардың көмегімен осы факторларға әсер ету мүмкіндігін қосу қажет. Осылайша, анық, бірақ әлсіз басқарылатын факторлар іріктемеге енгізілмейді [4]. Сонымен қатар, бақылау мүмкіндігі тұрғысынан алғанда, қоршаған орта факторларын бөлу өте проблемалы болып көрінеді, өйткені

кәсіпорынның осы факторларға әсер ету мүмкіндігі өте шектеулі. Алайда, қоршаған орта факторларын қарастырған кезде әсер ету құралдары туралы емес, қоршаған орта мүмкіндіктерін пайдалану туралы айту керек. Қызметкерлердің бәсекеге қабілеттілік факторларының жіктелуі және сәйкес құралдар 1 кестеде келтірілген.

1 кесте - персоналдың бәсекеге қабілеттілігінің факторлары және оларды басқару құралдары

Топтық факторлар	Құралдар
Қоршаған орта факторлары	
Экономикалық факторлар: кәсіпорын алатын тауашаның табыстылығы; өнімге жоғары және тұрақты сұраныс	Сұранысты тұрақтандыруға және тау-кен рентабельділігін арттыруға көмектесетін сұраныс пен бағаны басқаруға арналған кәсіпорынның ойластырылған маркетингтік саясаты. Кез келген мемлекетте дамудың басым бағыттарын қолдауға арналған бағдарламалар бар, ал кәсіпорындар мемлекеттік бағдарламаларды жүйелі түрде бақылап отыруы керек
кәсіпорындар; компания жұмыс істейтін нарықтағы бәсекелестік деңгейі; мемлекеттік экономикалық саясат;	
Құқықтық факторлар: заңнаманың тұрақтылығы; аймақтарға немесе салаларға заңмен белгіленген жеңілдіктер; кәсіпкерлік субъектілерді субъектілерді құқықтық қорғау;	Компанияның кәсіпқой заңгерлік қызметі сізге бизнес үшін қауіптер мен мүмкіндіктерді уақыт жағынан тануға мүмкіндік береді.
Әлеуметтік факторлар: білім беру мен денсаулық сақтаудың қол жетімділігі мен сапасы; мәдени және ойын-сауық инфрақұрылымын дамыту; аймақтың тұрғын үй жағдайлары (тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, тұрғын үй қор)	Мұндағы құралдар кәсіпорынның әлеуметтік жобаларын іске асыруы, сондай-ақ аймақтағы әлеуметтік жобаларға қатысуы болуы мүмкін. Тұрғын үй құрылысы жобаларына қатысу және балабақшалар мен білім беру мекемелеріне қолдау көрсету анағұрлым қымбат құрал болуы мүмкін.
Демографиялық факторлар: аймақтағы жұмыс күшінің құрылымы; көші-қон процестерін реттеу; кәсіби білім сапасы.	Еңбек нарығының мониторингі. Тағылымдама және тағылымдамадан өту үшін оқу орындарымен жұмыс, сонымен қатар түлектерді жұмысқа орналастыру. Мигранттардың еңбегін пайдалануға квота алу
Ішкі факторлар	
Жалақы факторлары: ұжымдағы сыйақы деңгейінің дұрыстығы; жалақының ашықтығы мен айқындылығы; материалдық ынталандырудың ұжымдық әдістерін қолдану.	Ұжымдық мадақтау элементтері және түсінікті төлем құрылымы бар ұтымды сыйақы жүйесі; Қосымша материалдық ынталандыруды қолдану: қосымша демалыстар, спорттық және фитнес-қызметтерге ақы төлеу, балабақшаларға ақы төлеу, еңбек өтілі үшін төлемдер.
Еңбекті ұйымдастырудың шарттары мен факторлары: кәсіпорындағы еңбек нормасы; жұмыс орындарын техникалық жаратқандыру; еңбектің қауіпсіз және гигиеналық жағдайлары	Икемді жұмыс уақытын енгізу қызметкерлердің кейбір санаттары үшін; Жұмыс жағдайына аудит жүргізу және қызметкерлердің пікірін сұрау.
Әлеуметтік өзара әрекеттесу факторлары:	Корпоративтік іс-шараларды өткізу:

бейресми топтардың болуы; кәсіпорында ұйымдастырушылық мәдениеттің болуы; әлеуметтік-психологиялық климат.	корпоративті мерекелер, қоғамдық жұмыс күндері, ұжымдық демалыстар, мерекелік құттықтаулар (23 ақпан, 8 наурыз), корпоративтік тренинг, корпоративті газет шығару және т.б.
Ұйымдастырушылық басқару факторлары: жұмыс берушінің талаптары; көшбасшылық стиль; бағыныштылардың әкімшілігін құрметтеу; қызметкерлерді басқаруға қатысу.	Кешенді шешу үшін жұмыс топтарын құру компания алдында тұрған міндеттер, жоспарлы кездесулерді үнемі өткізу, ұйымдастыру Ұйымның бизнес-процестерін жақсарту үшін «Сапа шеңберлері»
Тұлғалық деңгейде пайда болатын факторлар	
Қызметкердің жеке басының факторлары: ұжымда жұмыс істегісі келеді; басқалармен қарым-қатынас; өз жұмысының сапасына жауапкершілік; жеке қасиеттер (айқындық, ұстамдылық, ақыл, ұйымдастырушылық және т.б.)	Топ құру бойынша тренингтер өткізу, қызметкерлердің жеке даму жоспарларын құру, көшбасшыларды анықтау және дамыту.
Қызметкердің кәсіби біліктілігінің факторлары: білім деңгейі; жұмыс тәжірибесі; кәсіби күзiреттiлiк; кәсіби ұтқырлық.	Қосымша мамандандырылған білім алуға, біліктілікті арттыруға, қызметкерлерді ротациялауға, серіктес компаниялармен тәжірибе алмасуға, жұмыс нәтижелеріне, мансапты жоспарлауға сәйкес іс-шараларға қатысу және қатысуға ынталандыру.

Персоналдың бәсекеге қабілеттілігі сол қызметкер мен ұйымның көзқарасы бойынша белгілі бір позицияда басқаларға қарағанда жақсы болатын және сол себепті ұйым оған артықшылық беретін қасиеттер мен сипаттамалардың ажырамас көрсеткіші ретінде қалыптасады.

Қызметкерлердің бәсекеге қабілеттілігін бағалауға қатысатын әрбір ұйым әр лауазымға (кәсіпке) нақты өлшемдер критерийлерін қалыптастыруы керек.

Қорытынды

Тұтастай алғанда персоналдың бәсекеге қабілеттілігін бағалау үшін басқа кәсіпорындардың ұқсас көрсеткіштерімен салыстыруға болатын кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін пайдалану қажет.

Кәсіпорын персоналының бәсекеге қабілеттілігінің жалпы көрінісі келесі көрсеткіштермен сипатталады: сандық (кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелері, компанияның нарықтағы үлесі, интенсивті факторлардың әсерінен кәсіпорын пайдасының өсуі, жұмыс күшін пайдалану көрсеткіштері) және сапалық (персоналдың іс-әрекетін үйлестіру, ұжымдағы психологиялық климат, дамудың болуы) және осы кәсіпорынның өзіндік әдістері, корпоративті мәдениет, кәсіпорынның тарихы мен болашағы). Ұзақ мерзімді перспективада бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін ең алдымен бәсекеге қабілеттіліктің баға сипаттамаларына емес, кадрлардың сапасына назар аудару қажет.

Нәтижесінде, адам капиталы, физикалық капитал сияқты, өз иесіне неғұрлым күрделі мамандық, үлкен табыс әкеледі, яғни. өмір сапасы жоғары. Персоналдың бәсекеге қабілеттілігі компанияның кадрларға деген қажеттілігінің өлшемімен емес, персоналдың адами капиталының көлемі мен құрылымының олар атқаратын жұмыстың саны мен сапасына қатынасы арқылы анықталады, осылайша кәсіпкерлік субъектінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Jымagalieva M. Iy., Jahandanıy jaǵdaıyndaǵy Qazaqstan ekonomıkasynyń básikege qabiletiligi. «Qazaqstan Respublikasynyń Táýelsizdigine 25 jyl jáne Eýrazıalyq birigıy perspektivasy» atty halyqaralyq ǵylymı-tájiribelik konferensıanyń materialdary, 2016 j.
- 2 Andreeva L., Mirgorodskaa E. Vzgliad na sistemnyıy konkurentosposobnost kak dominantıy ýstoichivogo razvitiia ekonomiki // Ekonomist. №1. s. 81-88.
- 3 Zemalova M.L. Osobnosti neoklassicheskoi teorii sovershennoi konkurenci. Kommentarii // Vestnik Finansovoi akademii pri Pravitelstve RF. №4 (20). -s. 597
- 4 Hohlova I.I. Klassifikaciia faktorov konkurentosposobnosti rabotnika/ I.I. Hohlova И.И. // Rossiiskoe predprinimatelstvo. - №11. - s. 52-56.



МРНТИ 06.71.07

М. Бейсембетов, 2 курс магистранты¹,
Б.Т. Череева, э.ғ.м., аға оқытушы¹

¹М. Дулатов атындағы Қостанай инженерлі-экономикалық университеті
110000, Қостанай, Қазақстан

Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласының инвестициялық тартымдылығын арттыру жолдары

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің инвестициялық тартымдылығын арттыру жолдары қарастырылған, өйткені бұл сала бүкіл өндірістік әлеуетті пайдалану үшін қосымша инвестицияларды қажет етеді.

Аннотация. В статье рассмотрены пути повышения инвестиционной привлекательности сельскохозяйственной отрасли Казахстана, так как данная отрасль требует дополнительных инвестиционных вложений для использования всего производственного потенциала.

Abstract. The article discusses ways to increase the investment attractiveness of the agricultural sector of Kazakhstan, since this industry requires additional investment to use the entire production potential.

Кілтті сөздер: ауыл шаруашылық, инвестиция, өнім, экспорт, импорт, инвестициялық әлеуеті, инвестициялық тартымдылық

Ключевые слова: сельское хозяйство, инвестиции, продукт, экспорт, импорт, инвестиционный потенциал, инвестиционная привлекательность

Keywords: agriculture, investment, product, export, import, investment potential, investment attractiveness

Кіріспе

Мемлекет тарапынан ауылды дамыту мақсатында үш басымдық белгіленген: азық-түліктің жеткіліктігі, экспортталатын өнім өндірісін ұлғайтуға және ауылда қолайлы өмір сүру дәрежесін көтеруге, шикізатты қайта өңдеуге инвестициялық жобаны қалыптастыруға және талдау деңгейде ауыл шаруашылықтың жалпы экономикалық жағдайды бағалау. Ол инвестициялық жобаның экономикалық тиімділікті көрсететін басты факторы болады, сонымен қатар осы саладан лайықты жағдайды күтуді қалыптасады, олардың қатынасын, дұрыс пен теріс тенденцияларды айғақтайды. Мысалы, республиканың биоклимат әлеуеті басқа Батыс Еуропаның және АҚШ елдерінде қарағанда үш есе төмен екен. Осыған сәйкес еліміздің ауыл шаруашылығының бәсеке қабілеттілігінің төмендігі мен шығыны жоғары болғандықтан, елдің қолдаусыз нарық жағдайларына бейімделуі мүмкін болмайды [1]. Аталғанды есепке ала отырып, ауыл шаруашылықтың тиімділігін жоғарлаудың басты факторы аграрлық салаға мемлекеттік, жеке, отандық пен шетел инвестицияны тартуы болып табылады. Демек, ауыл шаруашылықта мемлекеттік инвестиция саясаты анықтауда оның негізгі үш бағытта іске асырылып жатқанын нақты көрсету қажет:

1. Мемлекеттік бюджеттің қаржыларын қолдануы арқылы.
2. Ішкі несиелі ресурстарын ұтымды пайдалану негізінде жеке және заңды тұлғаларының меншік қаржылай құралдарды тартуды ынталандыруы арқылы.
3. Шетел инвестициясын ұтымды пайдалануы мен жұмылдыру тетігін жетілдіруі негізінде.

Объект және методология

Жоғарыда аталған негізгі бағыттарды таңдауға және олардың үйлесімдігін қамтамасыз етуге экономиканың аймақтық-салалық құрылымның ең тиімді жақты қолдау мақсатта мемлекеттік инвестициялық саясаттың негізі жасалынады. Мемлекетте ұлттық инвестиция стратегиясын дайындауда мемлекеттің және бизнестің рационалды қатынасты құруы қажет. Мұнда мемлекет кәсіпкерлік пен кәсіпорындарының істеріне тікелей емес, керісінше бизнесті үйлестіруге, ықпал етуге, бизнес ережелерді қалыптастыруға және бақылаудың қажеттілігі айқындалады. Сол себептен, мемлекет кәсіпкерліктің тиімді жұмысына жағдайды жасау негізінде барлық шаруашылық қызметтеріне бірегей тәртіпті орнатуға және қолдауға қажет. Жалпыға бірдей заңдық-құқықтық, қаржылық-несиелік, салықтық, амортизациялық, сыртқы экономикалық саясатты және басқа да мемлекеттің қызмет түрлерге бағытталуы шарт. Аталғандардың барлығы елдегі инвестициялық жағдайдың жақсаруына, экономикаға инвестицияның құйылуына жағдайды жасау, ұлттық көлемде инвестициялық процестің белсендігін арттыру қажет.

Зерттеу нәтижелері

Инвестициялық процессті басқаруда басты орынды қаржылық құралдардың ерекшелігі зор. Олар шарттарды қарау негізінде бір жақтан, іске қосылған ресурстарын қолдану тиімділігін арттыруға, екінші жақтан, оны тартудың экономикалық мақсаттығын қамтамасыз ету жағдайларына әсер ету тәсілдерді қосады. Бұл топтағы құралдардың инвестициялық процеске мемлекеттік емес ақша құралдарының тартылуына бағытталуы тиісті. Бұл инвестициялық процессті іске асырудың барлық уақыт ағымында таңдауға және кепілдігі сияқты оны қолданудың ерекше белгілерді анықтайды. Бұл топқа инвесторлар үшін салықтық жеңілдіктері, қаржылық салымдары және әлеуметтік бағыттағы несиелер қосылуы қажет. Біздің елімізде ауыл шаруашылық саланың ерекшеліктерін ескеріп, әлем тәжірибесінің инвестицияны басқаруда және қолдануда объективтік талдауға және бағалауға жанасуы қажетті. Мәселен, Азияның дамушы елдері алдыңғы қатарлы технологияларын басымды салаларға және өндіріске тартты. Демек, тартылған инвестицияларды ауыл шаруашылыққа инновациялық қызметті бағытталғанда еліміз жалпы әлемдік интеграция үрдісіне қатысу мүмкіндігіне ие болады.

Бүгінгі күні Қазақстанның аграрлық секторда құрылған инвестиция қорының мақсаты ауыл шаруашылық салада өз ынтасымен қатысушыларға қаржылық қолдауды көрсету. Бұл қордың құрылуы қор нарықтың дамымауынан, отандық компанияларының төменгі капиталдандыруы, отан нарығында инвестицияның ауыл шаруашылықтың өңдеуші өнімге құйылуды қамтамасыз ететін нарықтық механизмнің болмауына негізделеді. Қор қаржылық секторына қызмет жасауында ең жаңашыл сапалы деңгей болып келеді. Қордың банктерді және басқа қаржылық институттарымен серіктестігі жаңа өндірісті және қор нарықтың дамуына белсенді соққы болып табылады. Қор толық Қазақстанның Даму Банкінің кооперациясымен жұмыс істелуі қажет. Осы екі институт бір-бірін толықтырып, несиелеуді және бастапқы капиталды орналастыру негізде қаржыландырады. Келешекте шетелдің маманданған қаржы ұйымдар қорын тарту мәселесін алға қойып отыр [2].

Мемлекеттің алдында тұрған міндеті ауыл шаруашылық өндіріске жеке инвестицияны тартуға қолайлы инвестиция климатын құру болып табылады, ал Стратегияны ауыл шаруашылық саланың басым дамуын қамтамасыз етілуі қажет. Ауыл шаруашылық салада инвестицияны басқару процесін ынталандыруда экономикалық құралдар ретінде инвесторларға «Инвестиция туралы» ҚР Заңына сәйкес мемлекеттік кепілдіктерді және гранттарды, инвестициялық салық преференцияларды қолданылуы қажет [3]. Осыған сәйкес оларды фискальді саясаттың шараларымен толықтыру қажет. Осыған байланысты,

инвестициялық мүмкіндіктердің презентациясы негізінде жүргізілген жұмыстары ауыл шаруашылық салада индустриалды-инновациялық секторды дамытуда табандылық танытуда. Ол әлеуетті инвесторлардың болашақта тиімді кәсіпорындарына инвестицияны салуда жеке инвесторлардың қызығушылықтарын таныту мүмкіндіктерін ашады. Әсіресе, ақпараттық және презентациялық шараларын жүргізуімен қатар АӨК-гі трансұлттық компаниялардың инвесторларымен белсенді келісімді жүргізу қажет. Айналым капиталын және күрделі қаржылық салымын қаржыландыру қажеттілікті ұлғайтуда өндіріс көлемінің өсуі басқа жақтан кәсіпорындарының шетел инвестициясымен табылған табысының өсуі есебінен қарыз міндеттемелерді жабуда төлемдерді ұлғайтуға мүмкіндігін арттырады.

Қорытынды

Елдің бюджет инвестициясы ауыл шаруашылық саладағы инвестициялық белсендігін және іскерлігін күшейтуге қабілетті, сонымен бірге ауыл шаруашылықты өндірісті жоғары технологиялармен қамтамасыз ету маңыздылығымен ауыл шаруашылық саланың базалық және әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған [4]. Ауыл шаруашылық салаға тікелей бюджет инвестициясының құрылған мемлекеттік қаржылық даму мекемелері негізінде іске асырылуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Давильбекова Ж. Роль иностранных инвестиций в экономике Казахстана // Аль-Пари. – 2016. - №1 - Б.73-77.
- 2 Мухетдинова Н. Инвестиции и государственная инвестиционная политика Казахстана // Российский экономический журнал. – 2013. - №8. – С.50-52
- 3 «Инвестиция туралы» ҚР Заңы
- 4 Карамендин Т. Роль иностранных инвестиций в экономике Казахстана // Евразийское сообщество. - 2015. – №2. - С.56-74.



МРНТИ 06.71.07

**А.В. Калабугина, студентка 2 курса,
направления подготовки «Экономика»¹
Ж.Т. Кульчикова, доктор экономических наук,
профессор кафедры экономики¹
¹Костанайский филиал ФГБОУ ВО
«Челябинский государственный университет»
г. Костанай, Республика Казахстан**

Анализ финансовой устойчивости организации в современных условиях

